

#КүшімізБірлікте

«Жаңа Қазақстанды» құру үшін түсінікті әрі әділ мемлекеттік саясат жүргізілуі керек. Бұл саясат иеленуінің жөнсіздігіне жол бермейді. Бәсекеге және технологияға негізделген экономиканы қалыптастырады. Сонымен бірге, жекеменшікке, адамның құқықтары мен бостандығына қол сұғылмауына заң үстемдігі арқылы кепілдік береді.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МӘСЕЛЕ



**ТАБЫСЫҢ
КӨП ПЕ? БӨЛІС!**
бай мен кедей арасы
алшақтап барады

4

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП



«ТӘТТІ» БИЗНЕС

5

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

12.02.2022

Түнде:



-1+1 °C

Бұлттылықтың артуы,
жауын-шашынсыз.
Кей уақытта тұман, көктайғақ.

Күндіз:



-1+1 °C

Бұлттылық артуы, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар),
тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

13.02.2022

Түнде:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Кей уақытта тұман, көктайғақ.

Күндіз:



-1+1 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Кей уақытта тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №16 (6151) 12 ақпан, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҮЛГІСІ

Мәскеуге жұмыс сапарымен барған Қазақстан Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен келіссөз жүргізді



Президенттер екіжақты қатынастардың перспективаларын және аймақтық деңгейдегі ықпалдастықтың өзекті мәселелерін талқылады. Мемлекет басшысы Мәскеуге сапармен келуге шақырғаны және дәстүрлі түрде қонақжайлық көрсеткені үшін, сонымен қатар қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде елімізге бітімгерлік күштерін жіберу жөніндегі Қазақстанның үндеуіне жылы эрі іскерлікпен қарағаны үшін Ресей көшбасшысына ризашылығын білдірді. Қазақстан Президенті Бітімгерлік контингенттің стратегиялық нысандарды күзету тұрғысынан өте маңызды рөл атқарғанын атап өтті.

2

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

«ЖАҢА АЛМАТЫ» ҚАРҚЫНДЫ ДАМИДЫ
Шаһар басшысы Алатау және Наурызбай аудандарын аралады



Алматы қаласының әкімі Еролат Досаев «Жаңа Алматы» кешенді жоспары бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды пысықтау мақсатында шаһарымызға кейіннен қосылған аудандарды аралап шықты. Шаһар басшысы жұмыс сапары барысында аудандардағы өзекті мәселелер шешімін тауып жатқан шаруаларға оң бағасын берді.

3

ҚЫСҚА...

- «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына 116 миллиард теңгеден астам қаражат түсті.
- Алматы циркін қалпына келтіру жұмыстары басталады.
- Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында Кіші зал ашылды.
- Өңірлік комиссия кәсіпкерлердің 102 өтінімін 188,6 млн. теңгеге мақұлдады.
- 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап үй жануарлары міндетті тіркеуден өтетін болды.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҮЛГІСІ

Мәскеуге жұмыс сапарымен барған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев
Ресей Президенті Владимир Путинмен келіссөз жүргізді

(Басы 1-бетте)

ҚАЗАҚСТАН НЫҚ ТҮР ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ ДАМУДА

Владимир Путин қаңтардағы қайғылы оқиғаларға қатысты өзінің пікірін білдірді. «Қазақстанды ел ішіндегі күрделі жағдайды пайдаланған қандай да бір халықаралық бүлікшілердің құрбаны болды десек, артық айтқандық емес. Ресей Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттің бірі ретінде Шарттың 4-бабына сәйкес Қазақстанға көмек қолын созды. Дегенмен, Қазақстан басшылығы негізгі рөл атқарды, сондай-ақ өздерінің ісіне, антына және халқына адал құқық қорғау органдары мен қарулы күштер өздеріне жүктелген міндетті орындады. Осы оқиғалар кезінде қираған нысандарды қалпына келтіру үшін көп күш жұмсау қажет екенін де білемін. Бірақ Қазақстан Сіздің табандылығыңыздың арқасында нық түр және Сіздің басшылығыңызбен белсенді дамуда», – деді Ресей Президенті.

Тараптар екі ел арасындағы жан-жақты байланыстардың табысты дамуын жоғары бағалап, саяси, экономикалық, сауда, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастарды тереңдетуге екі тараптың да мүдделі екенін айтты.

– Алдағы келіссөз барысында Қазақстанның және екі елдің де стратегиялық мүдделерін қамтитын бірқатар өзекті мәселе бойынша пікір алмасуды жоспарлап отырмыз. Маңызды келісімге қол қойылды. Жалпы, саяси ерік-жігер бар, өзара стратегиялық, одақтастық қарым-қатынастар бойынша нақты нәтижеге қол жеткіземіз деп ойлаймын. Бұдан бұрын да Қазақстан мен Ресейдің Құдай қосқан көрші екенін айтқанбыз. Әлемдегі ең ұзын құрлықтық шекара да бізге тиесілі. Елдеріміз арасында достық пен ынтымақтастықтан басқа қарым-қатынас болуы мүмкін емес, – деді Қазақстан Президенті.

Ресей басшысы екі ел арасындағы экономикалық ықпалдастықты арттыруға ниетті екенін мәлімдеді.

– Ресей Қазақстанның ірі сауда-экономикалық серіктесі екеніне қуаныштымын. Халықаралық алаңдарда да тығыз ынтымақтастық орнатқанбыз, бұрынғы Кеңестік кеңістіктен тыс ірі халықаралық ұйымдарда да ықпалдастығымыз бар. Биыл дипломатиялық қатынастарды орнатқанымызға – 30 жыл. Бірқатар көлемді іс-шара өткізу көзделіп отыр. Олар біздің іскерлік, гуманитарлық байланыстарымызға пайдалы болатынына сенімдімін. Ғарыш, энергетика, машина жасау салаларындағы ірі жобалар бойынша бірлесіп атқаратын жұмыс көп, – деді Владимир Путин.

Қазақстан мен Ресей басшыларының кездесуі барысында білім беру саласындағы ынтымақтастыққа баса мән берілді. Инженерлік-техникалық саладағы жоғары білікті мамандардың тапшылығына байланысты Қазақстанда Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу және «Болашақ» бағдарламасы аясында Ресейде мамандар әзірлеу жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

Келіссөз қорытындысы бойынша білім беру, теміржол, цифрландыру, ғарышты игеру және атом энергетикасы салалары бойынша мамандар даярлауға қатысты бірқатар құжатқа қол қойылды.

СЕНІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Екіжақты келіссөздің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

– Келіссөз өте мазмұнды және тиімді болды. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, бүгінгі келіссөзге көңілім толатынын айтқым келеді. Биыл мемлекеттеріміз үшін атаулы жыл болмақ. Елдеріміз арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығын атап өтеміз. Осы уақыт ішінде достыққа, ортақ тарихқа және халықтарымыздың ментальдық тұрғыдан жақындығына сүйене отырып, мемлекетаралық ынтымақтастықтың үлгісін қалыптастырдық. Тиімді саяси диалогтың арқасында барлық бағыт бойынша зор жетістіктерге қол жеткіздік. Біздің құрлықтағы шекарамыз – әлемдегі ең ұзын шекара. Бұл бүкіл халықаралық қоғамдастыққа нағыз тату көршіліктің, сенімді одақтастық пен стратегиялық серіктестіктің жарқын үлгісін көрсетіп отыр, – деді Мемлекет басшысы.

ТАУАР АЙНАЛЫМЫ 21 МИЛЛИАРД ДОЛЛАРДАН АСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев өте мазмұнды және жемісті келіссөз жүргізілгенін мәлімдеді. Екі ел басшылары қазіргі қазақ-орыс мәселелерін ашық әрі өзара сенім негізінде талқылады.

– Елдеріміз арасындағы жан-жақты байланыстардың жоғары деңгейдегі табысты дамуына көңіліміз толатынын атап өттік. Өзара тиімді ынтымақтастықтың зор әлеуетін ескере отырып, саяси, экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастарды тереңдетуге ниетті екенімізді нақтыладық. Біз өзара сауда-саттықтың оң қарқынын сақтауға уағдаластық. Пандемия шараларына қарамастан, жоғары нәтижеге қол жеткізілді. Былтыр тауар айналымы

21 миллиард доллардан асты, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Ресей компаниялары Қазақстан экономикасындағы жетекші инвесторлардың бестігіне кіреді және олардың салған қаржыларының жалпы көлемі 17 миллиард доллардан асады. Елімізде шетелдік капиталдың үлесі бар әрбір үшінші кәсіпорын Ресей компанияларының қатысуымен құрылған. Олардың ортақ инвестициялық портфелі барлық саланы қамтыды.

– Біз өндіріс кооперациясын кеңейтудің перспективаларын егжей-тегжейлі талқыладық. Бұл бағытта елдеріміз қазірдің өзінде 13 ірі жобаны іске асырды. Бүгінде құны 2,5 миллиард доллардан асатын 8 жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұдан бөлек, инвестициялық құны шамамен 1,5 миллиард доллар болатын тағы 11 жоба әзірленуде. Олардың бәрі жаңа жұмыс орындарын ашуға, елдеріміздің өнеркәсіп және технологиялық әлеуетін нығайтуға бағытталған. Өңіраралық ынтымақтастықтың да пайдасы зор. Екі ел арасындағы сауда айналымының шамамен 70 пайызын өңірлеріміз арасындағы өзара тиімді сауда-саттықтың үлесі құрайды, – деді Мемлекет басшысы.

ҚАЗАҚСТАНДА РЕСЕЙДІҢ ЖЕТЕКШІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ФИЛИАЛДАРЫ АШЫЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей арасындағы табысты серіктестіктің жаңа инновациялық өсім нүктелері есебінен кеңейіп отырғанын атап өтті. Бүгін цифрландыру, ғарышты игеру сияқты өзекті мәселелер мен атом энергетикасы саласында мамандар даярлау бойынша елдеріміздің ілгерілеуіне мүмкіндік беретін бірқатар құжатқа қол қойылды.

– Қазақстанда инженерлік-техникалық сала бойынша жоғары білікті мамандардың қажеттігін ескере отырып, білім беру саласындағы ынтымақтастыққа ерекше мән берілді. Келіссөз барысында

Владимир Владимировичке Қазақстанда Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын ашуға келіскені үшін ризашылығымды білдірдім. Бұл қадам еліміздің білім беру саласын дамытуға сүбелі үлес қосады деп ойлаймын, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі тараптың да халықаралық бастамаларды ілгерілетуге өзара қолдау көрсететінін мәлімдеді. Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан халықаралық ЭКСПО көрмесін 2030 жылы Мәскеуде өткізу бастамасын қолдайды.

Қазақстан Президенті Ресей Федерациясының аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіндегі рөлін жоғары бағалады. Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразия кеңістігіндегі қауіпсіздіктің тұтастығына қатысты Ресейдің ұстанымын қолдады. Аталған құжат 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның Астана форумында қол қойылған Декларацияда бекітілгенін еске салды.

– Қазіргі әлемде басқа мемлекеттердің қауіпсіздігіне залал келтіре отырып, өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін емес және тиімсіз екенімен келісеміз. Сондықтан халықаралық ауқымдағы қауіпсіздікке қатысты Ресей Федерациясының ұсыныстары табысты дипломатиялық келіссөз өткізуге жақсы негіз болады. Келіссөздердің тек сөз үшін емес, нәтижеге қол жеткізу үшін жүргізілгенін қалаймыз. Түптеп келгенде, «жақсы жанжалдан, жаман болса да бітім артық», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзін қорытындылай келе, өткізілген келіссөзге көңілі толатынын атап өтіп, қонақжайлық көрсеткені үшін Ресей тарапына ризашылығын білдірді. Осы сапары аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустинмен де кездесті. Кездесу барысында Қазақстан мен Ресей президенттерінің бүгінгі келіссөздерінің қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

«ЖАҢА АЛМАТЫ» ҚАРҚЫНДЫ ДАМИДЫ

Шаһар басшысы Алатау және Наурызбай аудандарын аралады

(Басы 1-бетте)

ҚОЛҒА АЛАТЫН ІС КӨП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алатау ауданындағы проблемалары қордаланып қалған нысандарды аралап көрді.

Қала әкімінің жұмыс кестесінде Алатау ауданы алғашқы локация болып белгіленді, өйткені мұнда инженерлік желілердің, жылжымайтын мүлік объектілері аяқталмаған құрылысының, жол жабыны болмауының және тағы басқа проблемаларға байланысты көптеген мәселелер қордаланып қалған. Аралау «14-аумақ» шағынауданындағы инженерлік желілер құрылысының аяқталмаған объектісінен басталды. Аудан тұрғындары мердігер – «Керегетас» ЖШС компаниясы (сот жауапсыз деп таныған) 2017 жылдан бастап сумен жабдықтау және кәріз бойынша атқарған жұмыстарының аяқталуын күтуде. Бүгінде мұнда жолдың жоқтығы және жол жабынын қалпына келтірудің мүмкін еместігі мәселесі өткір тұр.

Көшпелі жиын барысында қала басшысы проблемалық мәселені шешу жөніндегі шараларды іске асырудың негізгі кезеңдерін анықтады. Инженерлік желілердің құрылысын аяқтау және жол жабынын қалпына келтіру ағымдағы жылға жоспарланды. Мегаполис басшысы «Шаңырақ-1» шағынауданындағы сумен жабдықтау және кәріз желілерінің құрылыс барысымен танысты. Бүгінде мұнда 2460 жекеменшік үй орналасқан, 21 800 адам тұрады.

Көшпелі жиынның қорытындысы бойынша биыл Өтемісов көшесінің жолына орташа жөндеу жүргізу туралы шешім қабылданды. Шағынауданды сумен жабдықтау және кәріз желілерімен толық қамту үшін қала әкімі жобалық-сметалық құжаттаманы дайындауды және инженерлік желілер құрылысын 2022 жылы аяқтауды қаржыландыруды қамтамасыз етуді (ескерту – сумен жабдықтау және су бұру желілерінің құрылысын аяқтауды қамтамасыз ету үшін 45,7 шақырым су құбыры және 53,7 шақырым кәріз желілерінің құрылысы басталды) тапсырды.

Инженерлік желілерді тартқаннан кейін бүкіл шағынауданда асфальт жабыны қалпына келтіріледі. Жоғарыда айтылғандардан басқа, әкім мен тұрғындардың бастамашыл тобы «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасы аясында қоғамдық көлік санын ұлғайту және балалар ойын алаңдарын салу мәселелерін талқылады.

Алатау ауданын аралау кезінде кезекті локация «Рахат-Мәдениет» шағынауданы болды, мұнда тұрғындардың көптеген шағымдарына жауап ретінде «Мәдениет» тұрғын үй кешенін жаңа Саин көшесі арқылы жаяу жүргіншілер өткелімен, жаяу жүргіншілер тротуарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ аялдама кешенін орнату және қосымша көлік бағыттарының желілерін іске қосу немесе жұмыс істеп тұрғандарын (шағынауданнан қалаға дейін) ұлғайту жөнінде шешім қабылданды.

Тұрғындардың өтінішіне жауап ретінде сауда нысандарын өте қажет тауарлармен қамтамасыз ету мәселесін пысықтау аудан әкімі мен Алматының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасына тапсырылды. «Зерделі» шағынауданында қала басшысына Мөңке би – Саин бойындағы жолайлықтың құрылысы және Рысқұлов даңғылынан Мөңке би көшесіне дейін Саин көшесін ұзарту жобасы көрсетілді, бұлар іске асқанда Момышұлы көшесіндегі көлік ағыны жеңілдейтін болады. Көлік қозғалысын іске қосу мақсатында Ерболат Досаев жұмыстарды кестеге сәйкес – 2023 жылдың соңына дейін аяқтауды тапсырды.

«Зерделі» шағынауданы тұрғындарымен көпқабатты тұрғын үйлерді нығайту тақырыбы кеңінен талқыланды. Кездесу қорытындысы бойынша қала әкімі жауап



ты бөлімшелерге қалған 9 үйді нығайтуды, әлі салынып бітпеген көпқабатты 2 үйдің құрылысын аяқтауды, сондай-ақ аулаларды абаттандыруды және жасыл желектер отырғызуды ұлғайтуды тапсырды. Сондай-ақ, шағынауданды аралау барысында қала басшысы тәулігіне 700 келушіге арналған салынып жатқан дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне барды. Нысанды осы жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Қала басшысының назарынан Алматы қаласының Индустриалды аймағы да тыс қалмады, бүгінде мұнда құрылыс, фармацевтика, химия, тамақ және жеңіл өнеркәсіп салаларында жалпы инвестиция сомасы 113,7 млрд. теңгеге 19 ірі отандық және шетелдік жоба іске асырылды. Жұмыс сапары барысында әкім «Ala Estate» ЖШС өнеркәсіптік паркінің жұмысымен танысты, мұнда тамақ және жиһаз өнеркәсібінің 3 шағын кәсіпорны орналасқан және 90 жұмыс орны құрылған. Өнеркәсіптік парктің құрылысына 450 млн. теңге инвестицияланды, жалпы алаңы 4,3 мың шаршы метрді құрайды (Алматыда барлығы 15 шағын өндірістік парк бар, олардың 8-і жұмыс істейді, қалғандарының құрылысы қарқынды жүруде).



Мұнда қала басшысы «ТЕРЛОСТИЛ» зауытының құрылыс барысымен танысты. Компания жылытқыштың үш түрі бар термopанельдердің сериялық және сертифицирталған өндірісі бойынша Қазақстандағы алғашқы кәсіпорын болып табылады. Зауыттың қуаттылығы жылына 240 000 шаршы метр өнімді құрайды. Қазіргі кезде екі өндірістік цех салынды, қосалқы нысан салу және қазандықты жайластыру бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының кешені жүзеге асырылуда. Өндірісті толық көлемде іске қосу 2022 жылдың мамыр айына жоспарланған. Жобаға 500 млн. теңге инвестицияланды, 30 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда. Ауданды аралап шыққан қала әкімі Алатау ауданының

әкімшілік орталығын дамыту жобасымен танысты.

Бас жоспарға сәйкес ауданның әкімшілік орталығын дамыту және Рысқұлов даңғылынан Мөңке би көшесіне дейінгі бос жер учаскелерін тиімді пайдалану мақсатында 10-нан астам жобаны іске асыру жоспарлануда (оның ішінде желілік парк, 6 мектеп, 6 саябақ аймағы, көпбейінді 2 аурухана кешені, жеңіл атлетика манежі, сауда-ойын-сауық орталығы). Бұдан басқа, батыс бөлігінде мектепке дейінгі білім беру және демалыс орталықтары қоса салынатын 3 тұрғын үй кешенінің құрылысы жоспарлануда. Мегаполис басшысы Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбековтың жұмысын жалпы мақұлдап, «Шетсіз қала» бағдарламасы аясында ауданды одан әрі дамыту жөнінде бірқатар нақты тапсырмалар берді.

АУЫЗСУМЕН ТОЛЫҚ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданында салынып жатқан және апатты жағдайда тұрған объектілермен танысты. Бүгінде ауданның «Ақжар», «Шұғыла», «Тастыбұлақ», «Тау-жолы», «Жайлау», «Қарғалы», «Құрамыс»,

бағдарламаны қаржыландыруды 500 млн. теңгеге (1,8 млрд. теңгеге дейін) ұлғайтуды тапсырды. Сапар барысында «Қарағайлы» шағынауданындағы дәрігерлік амбулаторияның апатты ғимараты бойынша шешім қабылданды. Нысан сейсмикалық қауіпті және 2018 жылы пайдалануға жарамсыз деп танылған. Алматы қаласы әкімінің ұсынысы бойынша амбулатория орнына «Әлеуметтік қызметтер үйі» жобасы үлгісінде көпбалалы аналар үшін әлеуметтік нысан салынатын болады.

Қала басшысы «Құрамыс» шағынауданындағы мемлекеттік меншіктегі жерлерде (6 гектар) емхана мен балабақша салу үшін жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуді аяқтауды тапсырды.

Көшпелі жиын барысында қала басшысы инженерлік желілердің құрылысына, жол жабынын қалпына келтіруге ерекше назар аударды. Қалалық мобильділік басқармасына ағымдағы жылы «Тастыбұлақ» шағынауданындағы ұзындығы 4,5 шақырым жолды асфальттау тапсырылды.

Қаладағы бау-бақша қоғамдастықтарының мәселесі өткір тұр. Осыған байланысты аудан әкімдіктері қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасымен бірлесіп олардың мәртебесін наурыз айының соңына дейін анықтайды. Сондай-ақ, қала басшысы «Тастыбұлақ» және «Ақжар» шағынаудандарындағы су құбыры мен кәріз желілеріне қосу үшін жаңа жобаға бау-бақша қоғамдастықтарының ескерілмеген көшелерін енгізу қажеттігін атап өтті.

Қала әкімі «Ақжар» шағынауданындағы ағымдағы жылдың наурыз айында балаларды қабылдайтын 120 орынды жаңа балабақшаны аралап көрді. Сонымен қатар, көшпелі кеңес барысында (ауданның әкімшілік орталығы) мектеп пен бассейні бар 15 гектар дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу мәселесін шешуді тапсырды.

Айналма жол кезінде мегаполис басшысы Төле би көшесі мен Абай даңғылын ұзартудың жай-күйін тексерді. Е.Досаев жер учаскелерін сатып алу процесін жеделдету және осы жобаларды 2022-2023 жылдары кезек-кезеңмен іске асыруды бастау қажеттігін атап өтті. Сапар барысында Наурызбай ауданының әкімшілік орталығына дейін метрополитенді жобалау мәселесі қаралды.

Аралау соңында қала әкімі ағымдағы жылдың қыркүйек айында пайдалануға беру жоспарланған «Абай» шағынауданындағы («Алма Сити-5» ТК, «Qazaq Stroy» мердігерлік ұйымы) 1200 орынды мектеп құрылысының барысымен танысты. Сондай-ақ, «Шұғыла» шағынауданында (Алатау даңғылы және «Алем Сити» ТК) қосымша екі мектепті іске қосу жоспарлануда. Жалпы ауданда 2022 жылы барлығы 8390 орынды 7 мектеп және 1320 орынды 5 балабақша салу жоспарлануда.

Аралау қорытындысы бойынша қала басшысы Наурызбай ауданы әкімінің жұмысын мақұлдады және «Шетсіз қала» бағдарламасы аясында ауданды одан әрі дамытуды жалғастыруды тапсырды.

Әзірлегендер Серік ЖҰМБАЕВ,
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



СҰХБАТ

Мемлекет басшысы аманаттағандай, жас өрендерді отансүйгіштікке баулып, «Жаңа Қазақстанды» құру міндеті тұр. Осыған байланысты ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Темірхан Тебегеновті сұхбатқа тартқан едік.

Тұлға – халықтың ішінен шығады

– Темірхан Сақаұлы, «патриот» ұғымын қалай түсініп жүрміз?

– Е-е, шырағым! Бұл – жиі қойылатын сұрақ. Байыбына терең бойлауды қажет етеді. Оқу-білімге құштарлар көп. Ортағасырлық ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби «тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» депті. Сондықтан негізгісі – тәрбие деп білемін. Баланың ауылдағы, отбасындағы дінгегі берік қаланса, озады. Ертеңгі күні қандай саланың тізгінін ұстаса да, өзіндік «мені» болады. Өзіндік «мені» қалыптасқан жан қай-қай саланың да шамын жақпақ. Осы қырынан келгенде, қатты абай болған абзал. Ол үшін – ұлттық құндылықтарды жаңғыртқан жөн. Егер қарақөздер ұлтының құндылығын бойына сіңірсе, қазақи намыс қалыптасса, алмайтын асу болмас еді. Осы қасиеттер қалыптастырған жан нағыз патриот.

– Жастардың әл-ауқаттық мәселесін жиі қозғайсыз, тарқатып айтсаңыз?

– Өз тағдырымда таяқты бір адамдай жедім. Сонау Сырдың құмында тудым. Жастай әкеден жетім қалдым. Талпынып оқуға түстім. Ауыл мектебінде мұғалім болдым. Жоғары оқу орнында дәріс беріп, кандидаттық, докторлық қорғадым. Сөйтіп, ғылым жолында оқулық, мақала жаздым. Бұны текке келтірмедім. Адам жасында осындай соқпақтан өтсе, келешекте өзіне жақсы болмақ. Дегенмен, біздің кез сәл басқашалау болды. Ал қазіргінің жөні бөлек. Тырмыспасаңыз, аш қаласыз. Нарық, кейде алқымыңнан тақап алады. Сондықтан әркім өзінің бағытын тапса игі. Құрылысшы – құрылысының сырын



білсін. Ғалым – ғылымның жәйін ұғынсын. Міне, сонда ісі өрге басады. Бұл жолда ата-ана, жалпы қоғам жастарға жол көрсетуі қажет.

Бізге туыстық жағынан емес, ынталы, білгір және талпынысы мықты қызметкерлер керек. Әр маман өз саласында тәрбиеленіп, өмірге бейімделгені абзал.

– Ғылымда біршама игі өзгерістер болғалы тұр, қандай көзқарастасыз?

– Әрине, игі көзқарастамыз. Заманның өзі бір орнында тұрмайды. Бұл – заңдылық! Даму, алға жылжу жақсы. Ғылыми институттар 3 жылдық грантка байланыбайтын болды. Енді бұдан былай, жоба бітсе, қайда барамыздың күйін кешпейді. Оларға тұрақты базалық жалақы төлене бастайды екен. Өзіміз де ғылым мен білімнің ішінде жүргеннен кейін жөнін білеміз. Дегенмен, «Скопус» дейтін шетелдік журналға мақала шығару міндеттеледі. Оның проценті болады

екен. Осы қаншалықты жөн?! Маған бір кісілер – «бір өзің бір институт екенсің» деп еді. Мұны жазған еңбектерімізге қарата айтқаны ғой. Ағылшын тілін білгендер магистр, PhD докторантураға түсіп кетеді. Сонда тілді игергендігінен оқуға түсіп тұр. Ар жағын тексерсең, қоқ етпейді. Иә, арасында мықтылар да бар. Барлығына топырақ шашпайыз. Ойымыз осы аталған

жәйттар шешімін тапса дегенім ғой. Сонда ғылым биігірек өрлейді.

– Аға, қазақ елінің болашағын қалай елестетер едіңіз?

– Біз тағдыр арқалаған халықпыз. Қалай дейсіз ғой?! Сонау сақ, ғұн, түркі қағанаттары, қараханиттер, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір кезеңдері, Алтын Орда, берісі Қазақ хандығы – бәрі-бәрінің ізі ұлы далада сайрап жатыр. Қарашаңырақ бізде. Мағжан ақын «Түркістан екі дүние есігі» деп текке айтпаған.

Қазір мақтана беруге шебер болып алдық. Әркім өзі шыққан тегін, руын айтып, пәленше едім деу түкке керек емес. Ондайды заман да көтермейді. Мен өз тағдырымнан мысалдайын. Өзім жетім баламын. Әкеден ерте айырылдым. Сөйтіп жүріп оқып, жоғары оқу бітіріп, қорғап, 1990 жылдары Алматыға келдім. Абай университетіне мұғалім болып орналастым. Сонда жершілдікке салыну, менсінбеуді байқайтынбыз. Сондайдың шет жағасын сезіндік. Бірақ жақсылардың да жақсылығы сезіліп тұратын. Бүгінде жасымыз егде тартты. Десе де, тақтан таймаймыз. Шәкірт тәрбиелейміз, ғылыми еңбек, оқулық дайындаймыз. Мұны айтадағы себебім, осының бәрі жастарға үлгі-өнеге болсын деген ниетім ғой. Болашаққа сену дегеніміз осы, қалқам!

Қарақөздер аман болсын.

Жаңа Қазақстан – өздеріңсіндер айналайын, аман болындар!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

БАҒДАРЛАМА

Әлемдік жолға қадам басты



Өткен жылдың соңына таман республикалық комиссияның шешімімен 569 қазақстандыққа «Болашақ» бағдарламасы бойынша халықаралық стипендия тағайындалған болатын.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Оның 163-і магистратурада, 4-еуі докторантурада оқитын болса, 37 студент әлемнің ең танымал үздік университеттерінде, 365 ғалым шетелдік ғылыми-өндірістік орталықтарда тағылымдамадан өтеді.

Стипендия иегерлері арасында М.Есболатов атындағы Қазақстан Республикасы ПМ Алматы академиясының профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері де бар. Атап айтқанда, Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар кафедрасының басшысы, философия ғылымының докторы (PhD), полиция майоры А.Бекішев пен жедел-ізвестіру қызметі кафедрасының доценті, философия ғылымының докторы (PhD), полиция подполковнигі Е.Насырова биылғы 3 ақпаннан бастап М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде заң ғылымының докторы, профессор И.Комаровтың жетекшілігімен ғылыми тағылымдамадан өте бастады. Олар біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, ғылыми іс-шараларға қатысады және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Бүгінгідей сын сағатта, елдің тұтастығын сақтауда, Жаңа Қазақстан құру жолында кез келген маман, оның ішінде қауіпсіздік саласының кәсіби өкілдері бізге ауадай қажет. Ғылым жолына қадам жасаған отандастарымызға сәттілік тілейміз.

ҚОЛДАУ

Кәсіпкерлер өтемақы алуда

ШОБ субъектілеріне мүлкітік зиянды анықтау жөніндегі Өңірлік комиссия жалпы сомасы 188,6 млн. теңгеге кәсіпкерлердің 102 өтінімін мақұлдады.

Оның ішінде 55,2 млн. теңге сомасына 32 өтінім бюджет қаражаты есебінен, қалған 70 өтінім 133,4 млн. теңгеге «Жаңа Алатау» қайырымдылық қорының қаражатынан қаржыландырылды.

Комиссия жұмысының барлық кезеңінде бүгінгі таңда 644,9 млн. теңге сомасына 362 өтінім мақұлданды, оның ішінде 212,4 млн. теңгеге 140 өтінім бюджет қаражатынан, 432,5 млн. теңгеге 222 өтінім қор қаражатынан қаржыландыруға ие болды.

Зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілерінен өтінімдер түсу жалғасуда. Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мәліметінше, бүгінгі күнге дейін Info Kazakhstan сайтына Алматы қаласы кәсіпкерлерінен барлығы 2 мыңға жуық өтінім келіп түскен.

Нұр ЖАМАЛ.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ

Ашық есік күні өтті

Алматының Түрксіб аудандық Халыққа қызмет көрсету орталығында Ашық есік күні өтті. Қабылдауға келгендердің көпшілігінің сұрағы – «Қазақстан халқына» қоғамдық қорынан қалай көмек алуға болады деген сипатта болды.

«Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕ АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Ермек Бекжүнісовтің айтуынша, ашық есік күндері алдағы уақытта да жалға-

сатын болады. ХҚКО азаматтардың мемлекеттік қызмет алу мәселелеріне қатысты сұрақтарына жауап беріп, туындаған проблемалары болса шешілуіне көмектесетін болады. Бірақ «Қазақстан халқына» қорына қатысты сұрақтарға аталмыш мекеме жауап бермейді. Яғни «Қазақстан халқына» қорына өтінішті ХҚКО қабылдамайды.

Қоғамдық қорға байланысты туындаған сауалдарды «Қазақстан халқының» www.qazqstanhalqyna.kz сайты арқылы білуге болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АЛҒЫС

Дәрігерлер марапатталды

Қаңтар оқиғасы кезінде Алматыдағы тергеу изоляторына жаппай тәртіпсіздікке қатысқандардың көптеп жеткізілгені белгілі.

Сол кезде тергеу изоляторының дәрігерлеріне Алматы қаласындағы ауруханалардың білікті дәрігерлері көмекке келген болатын.

«Алматы қаласы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің басышылығы жаралы күдіктілерді тексеру мен емдеу ісіне белсене араласқан №4 қалалық клиникалық ауруханасының дәрігерлеріне Алғыс хат тапсырып, ризашылықтарын білдірді», – деді ЛА-155/18 мекемесі бастығының орынбасары М.Кәкімжанов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАҢА ЖОБА

Алматыда Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасында ел тарихындағы айтулы оқиғаларды баяндайтын алғашқы комикс жарық көрді.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Тарих пен заманауи өнерді ұштастырған жаңа жоба оқырманға ел үшін маңызды мәдени, спорттық және саяси оқиғалар, оның ішінде ұлттық валютаның енгізілуі, Қазақстанның Олимпиада ойындарындағы жетістіктері, заманауи Түркістан, әлемдік аренада танылған қазақстандық әртістер мен спортшылар туралы баяндайды. Басылым қазақстандық жас суретшілердің, яғни иллюстрация байқауы жеңімпаздарының



жұмыстарымен толыққан. Таралымы 5000 дана болып шыққан туынды 2 тілде жарық көрген. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жаңа жоба жас ұрпаққа ұлттық өнерімізді дәріптеп, бабалар аманатын әлемдік

деңгейге шығаруды көздейді.

«Бүгінгі іс-шара «Тарихым, бүгінім, ертеңім» комикс жинағының жарық көруіне арналады. Біз бұл іске баспа және арт студия ретінде өз үлесімізді қостық. Кітапқа енетін суреттерді де жинаған өзіміз болатынбыз. Белгілі суретшілерді ғана емес, қатысамын деген әр ынталыны қабылдадық. Сондықтан әрқырлы болып шықты», – дейді Khan Comics арт-студиясының басшысы

Оразхан Жақып.

* Комикс – әртүрлі сюжетті суреттер арқылы белгілі оқиғаға құрастырылатын әңгімелер.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ТАБЫСЫҢ КӨП ПЕ? БӨЛІС!

бай мен кедей арасы алшақтап барады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында байлар үстемдігінің салдарымен күресу керектігін жеткізді. «Біз жұрттың бизнеспен айналысуына тең мүмкіндік береміз. Қоғамымызда белең алған сыбайлас жемқорлық пен экономикадағы әсіре байлар үстемдігінің салдарымен күресеміз. Бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуге тиіспіз», – деді ҚР Президенті.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Шынында да, Қазақстанда байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық жол беруге болмайтын дәрежеге жетті. Мемлекет басшысының пікірінше, аз ғана элиталық топтар ықпалының артуы және халықтың басым бөлігінің табысының азаюы қауіпсіздікке айтарлықтай қатер төндірді. Бұл қоғамның экономикалық, әлеуметтік, содан кейін саяси бөлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

«Ұлттық табыстың әділ бөлінуі бойынша теңгерімсіздік пен проблеманың бар екені айдан анық. Халықаралық сарапшылар (KPMG, 2019 жыл) Қазақстан байлығының жартысы 162 адамның ғана қолында екенін растап отыр. Осы ретте халықтың жартысының айлық табысы 50 мың теңгеден аспайды. Бұл – жылына 1300 доллардан сәл ғана асады деген сөз. Мұндай ақшамен өмір сүру мүмкін емес. Бұлай жіктелу мен теңсіздіктің қауіпті екенін айтқан болатынымын. Жағдайды дереу өзгерту керек», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес-қауымдастықты осыдан сабақ алып, Жаңа Қазақстанның негізі болуға тиісті жаңа экономикалық саясатты қалыптастыру үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

АҚШАНЫ ШЕТЕЛДЕ ЖҰМСАУ ДҰРЫС ЕМЕС

Мемлекет басшысының мәлімдеуінше, айына 250–300 мың теңге жалақы алатын азаматтар 10% емес, 7% табыс салығын төлеуге тиіс. 300 мың теңге мен 1,5-2 млн. теңгеге дейін табыс табатындар үшін қазіргі 10% мөлшерлеме сақталуы керек. «Жылына 25 млн. теңгеден көп табыс табатын азаматтар үшін табыс салығының пайыздық мөлшерлемесін арттыру қажет. Бұл мәселені үкіметтік комиссия нақтылайды», – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, жеке табыс салығының пайыздық мөлшерле-

месінің шекті деңгейін 15%-дан асырмау керек. Енді Президент тапсырмасын орындау үшін тиісті министрліктер жанынан жұмыс тобы құрылып, оның құрамына парламент депутаттары, кәсіпкерлер палатасының өкілдері мен қоғам қайраткерлері енуі тиіс. Үдемелі өлшем бойынша жеке табыс салығының шегі мен мөлшерлемесіне қатысты мәселе ашық талқылануы керек.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, «осында ақша табамын, басқа жақта жұмсаймын» деген қағидат бұдан былай болмауы керек. Президент осылайша болаша-

ғы Қазақстанмен байланысатын кәсіпкерлерге табысын елге қайта инвестициялау керектігін ескертті. Бұл – кәсіпкерлердің Отан алдындағы жауапкершілігі.

«Әңгіме отандық компаниялардың қаражаты туралы болып отыр. Болашағыңызды Қазақстанмен байланыстырсаңыз, онда өз қаражатыңызды елге қайта инвестициялауыңыз керек», – деді Мемлекет басшысы.

БАЙЛЫҚ САЛЫҒЫН ЕНГІЗУ КЕРЕК

Қазір байлық салығын арттыру туралы бастамалар әлемде жиі айтыла бастады. Әсіресе, пандемиядан кейін бұл мәселеге қатысты пікірлер үдеп барады. Шынында да, яхта, ұшақ, қымбат көлік мініп, зәулім сарайда тұратын аумақтарға салынатын салықты арттыру қажет-ақ секілді. Өйткені, Тәуелсіздігіміздің 30 жылы ішінде халықтың бай және кедей топтары арасындағы алшақтық айтарлықтай өсті.

ҚР Президенті әлеуметтік әділдік үшін қолданысқа жалақы мен басқа да кіріс түрлеріне қатысты жеке табыс салығының үдемелі өлшемін енгізу мәселесін пысықтайтын уақыт жеткенін жариялады. «Үдемелі өлшемге сәйкес жалақысы төмен азаматтар салықты қазіргіден аз төлейді. Ал еңбекақысы жоғары қызметкерлердің төлейтін салығы артады. Мақсатымыз – еңбекақы төлеудің мейлінше кең тараған әрі жасырын тәсілін «көлеңкеден» шығару. Егер тиісті салық мөлшері қысқартатын болса, жалақыны жасырын төлеудің қажеттілігі болмайды», – деді Мемлекет басшысы. Біле жүріңіз, бұл қадам жалақыны конвертпен алатын азаматтардың санын азайтып,

салық төлеушілердің қатарын көбейту үшін жасалып отыр.

Бүгінде бізде байлар мен кедейлердің арасы тым алшақтап барады. Түйені түтімен жұтып жатқан олигархтар қарапайым қара халыққа көмектесіп жатыр ма? Қазір интернетті ашып қалсаңыз, баласын немесе өзін емдете алмай, қайыр сұрап жүрген адамдар қаншама? Әлеуметтік желіге суреттерімен қосып, небір ауру түрлерін жазғанда, қарап отырып жүрегің ауырады. Ондай адамдар саны тым көбейіп кеткен. Халықтың жағдайы өте нашар. Ал ауқаттылар байыған үстіне байып жатыр. Осы әділдік пе? Сондықтан әрбір азамат жиып-терген дәулетіне сай салық төлеуі керек. Байларға салық салынса, ел қазынасына қыруар ақша түседі. Соның арқасында мемлекетте қосымша қаражат та пайда болады. Ал оны халықты әлеуметтік жағынан қолдауға, яғни көпбалалы, тұрмысы төмен отбасыларға, мүтедектерге көмек көрсетуге жұмсауға болады.

ТАБЫСТЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ АЗЫҚ-ТҮЛІККЕ КЕТЕДІ

Байларға көбірек салық салу Еуропа елдерінде кең тараған. «Мұны «Еуропа-Скандинав моделі» деп атайды. Еуропалық стандартқа сай өмір сүру үшін бізге осы тәсілге жүгіну керек. Үдемелі өлшемнің шекті деңгейі Президент айтқан 15%-дан аспауға тиіс. Шекті деңгей бұдан жоғары болса, адамдар табысын жасыра бастайды.

Шынында да, жалақысы жоғары адамдар мемлекетке тапқан табысына сай салық төлеуге тиіс. Өйткені, мемлекет олардан бюджетке түскен түсімді трансферттік шығындар мен әлеуметтік төлемдерді жабуға жұмсайды. Осылайша қоғамда әділдік орнатуға бір қадам жасалады. Оның үстіне, қоғамда жалақысын конвертпен алып жүрген адамдар бар. Олар бұл қадамға салық төлеуден жалтаруды мақсат тұтып емес, тапқан табысын отбасын асырауға жеткізу үшін барады. Адамдарды да түсіну керек. Олар жақсы өмір сүргендіктен салық төлемей жүрген жок. Халық тапқан табысының 50%-ын азық-түлікке жұмсайды. Дамыған елдерде азық-түлік алуға айлық табыстың 8–10%-ы ғана жетеді.

Қазір бізде 100 мың теңге жалақы алатын адам мен 400 мың теңге табыс табатын адам бірдей, яғни 10% жеке табыс салығын төлейді. Әділдік тұрғысынан қарағанда бұл дұрыс емес. Қолданысқа үдемелі өлшем енгізілсе, табысы аз адамдар аз, табысы көп адамдар көп салық төлейді. Яғни үдемелі өлшем халықтың басым бөлігі үшін тиімді болады.

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Көрші Ресейде былтырдан бастап «байлар салығы» енгізілді. Онда табысы жылына 5 миллионнан асатын азаматтар үшін салық ставкасы 13%-дан 15%-ға дейін өсті. Осы салықты енгізу арқылы олар бюджетке 60 млрд. рубль кіріс кіргізуді көздеп отыр. Сондай-ақ, бұл соманы биыл – 64 миллиардқа, 2023 жылы – 68,5 миллиардқа өсіруді жоспарлауда. Мемлекет бұл қаражатты ауыр, созылмалы және сирек кездесетін аурулары бар балаларды емдеуге жұмсайтын болады. Жаңа заң мүлікті сату (бағалы қағаздарды қоспағанда) немесе сақтандыру төлемдері сияқты біржолғы кірістерге қолданылмайды. Билік мұндай шараларды Ресей экономикасы үшін COVID-19 пандемиясының салдары мен бюджет тапшылығының өсуіне байланысты қабылдады. Енді олар байларға салынатын салық мөлшерлемесін одан әрі арттыруды қарастырып жатыр. Алдағы уақытта 21 пайызға, содан кейін 30–35 пайызға ұлғайтуды көздеме.

Ал Германияда байлар салықты көп төлейді. Мәселен, егер ерлі-зайыптылардың жалпы табысы жылына 18 мың еуродан аспаса, онда олар салық төлеуден босатылады. Принцип өте қарапайым: адам неғұрлым көп ақша тапса, соғұрлым оның салығы ұлғаяды. Мұны олар прогрессивті салық салу шкаласы



деп атайды. Онда салық ставкасы 14-тен 42 пайызға дейін өсіп отырады. Кейбір жағдайларда арнайы максималды мөлшерлеме 45 пайызға дейін ұлғайтылған.

Мәселен, биылғы дағдарыс АҚШ сияқты алпауыт дамыған елді де әбгерге салса керек, бұл елде қазір миллиардерлеріне 60%-дық біржолғы салық төлеу идеясы күшейе түскен. Мұнда да осындай заң жобасын сенаторлар ұсынды. «Миллиардерлердің төлемін жаса» деп аталатын заң жобасы 467 бай адамнан тұратын элитадан 731,8 миллиард долларға 60 пайыздық салық өндіріп алуы мүмкін. Бұған не мәжбүрлеп

отыр? Себебі, елде пандемия басталған кезде 50 млн.-нан астам америкалық жұмыссыздық туралы көмек сұрап, тағы 5,4 млн. адам медициналық сақтандыруынан айырылған. Сенаторлардың пікірінше, біржолғы салық салу барлық америкалықтарға бір жыл ішінде медициналық шығындарды, соның ішінде рецепт бойынша дәрі-дәрмектерді төлеуге мүмкіндік береді.

Қалай десе де, байлардың бәрінің де «қаржы айналымдарының» қозғаушы күші – тұрып жатқан елі. Сондықтан табысының көлеміне қарай сол елмен салығын да лайықты бөлісу – әділетті шешім болар еді...



ПРЕМЬЕРА

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында негізгі сахнадан бөлек, тұңғыш рет кіші залдың ашылу салтанаты ұйымдастырылды. Сондай-ақ, атақты испан жазушысы Федерико Гарсианың «Оян, қалыңдық!» қойылымының премьерасы қойылды. Шараға театр өнерінің саңлақтары мен қоғам қайраткерлері де келіп, қойылымның кем-кетік тұстары мен ерекшелігі жайлы ойларымен бөлісті. Қойылым сонау Испанияның XX ғасырдың басында орын алған оқиғамен өрбиді. Бір-бірін сүйген ғашықтар белгісіз жағдайлармен махаббаттарынан қол үзісіп, екіге айырылысады. Жігіт қыздың немере сіндісімен бас қосады. Арада 2 жыл өткеннен кейін қыз тұрмыс құруға бел байлап, қалыңдық атанады. Алайда, тұрмыс құратын жігіті Феликстер отбасымен пышақ төбелесінде әкесі мен ағасын жоғалтқаны белгілі болады.



«ОЯН, ҚАЛЫҢДЫҚ!»



Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Үйлену күні қалыңдық мұңлы күйді бастан кешіреді. Той үстінде күйеу жігіт қонақтармен бірге тойлатса, ал қалыңдық демалуға барады.

Алайда, қалыңдық пен Леонардо бір-біріне деген сезімдерінің шынайы екендігін түсініп, қол ұстасып қашып кетеді. Олардың атқа мініп кетіп бара жатқанын көрген Леонардоның әйелі айқайлап қалады.

Кейіннен күйеу жігіт пен Леонардоның қайтыс болғаны жайлы хабар келді. Анасы алаңдайтын ешкім жоқ екенін түсінеді, себебі отбасы мүшелерінің барлығы өлім құшқан. Қалыңдық келеді. Анасы оны ұрады, ал қалыңдық та өлгісі келетінін айтады.

«Пьесаны қойылым ретінде қоюға 2 жылдан астам уақыт кетті. Ғ.Мүсірепов театрының актерлары-

мен жұмыс істеу жайлы ой олармен сырласу кезінде пайда болды. Мен өзіме қажетті актерларды бірден көре алдым. Пьесаны қою бізге ешқандай да қиындық тудырмады. Себебі, қазақ халқымен испандықтардың ұқсастықтары байқалды. Екі халық та қызуқанды, жігіттері ержүрек болып келеді. Қойылымда ажал бейнесі актерлармен бірге жүрді. Оны көңілді, оқушы қыздың бейнесінде келтірдік. Неге десеңіз, ажалдың өзі аяқасты болатын нәрсе, адам күліп жүріп ажал құшады емес пе? Қойылымның басты мақсаты адамдарға махаббаттың бар екенін жеткізу», – дейді қоюшы-режиссер Дина Жұмабаева.

Жаңадан ашылған кіші зал ешқандай да қаржысыз салынған, тіпті декорацияның барлығы қолдан жасалған.

«Театр сүйер көрермен қауымға бүгінгі қойылымға келіп, қолдау білдіргендеріне рахметімді айтамын. Біз бұрыннан бері бізді ешкім теже-

мейтін, ішіміздегі бүгіп жатқан сырларымызды ақтаратын кіші залымыздың болуын армандадық. Бұл күн де туды. Менің бір ағам айтқан еді «Үй саламын десең ақшасыз сал, ақылды боласың. Ақшамен салсаң ақылдың қажеті қанша?», – деп, міне, бүгін біз кішігірім үйімізді ешкімнің қолдауынсыз салдық. Бірақ бізде намыс болды, жігер болды. Барша ұжым болып, Дина бар, Фархатпен бірігіп, кіші залымызды салдық. Енді бізге тұсау жоқ, ойдағы дүниемізді тежеусіз көрерменге ұсынамыз», – дейді театр директоры Азамат Сатыбалды.

Театрдың кіші залында ине шаншар жер болған жоқ. Метафизикалық трагедия махаббатсыз, имансыз, сенімнен жүрдай қоғамның қорқынышты болмысын зерделей отырып, көптің көңіліне ой салды. Пьеса адамдар арасындағы араздық ешқашан бақытқа әкелмейтінін, бірақ екі жақ үшін де қайғымен аяқталатынын жеткізе білді.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

Мұражай-үй



Қаланың қақ ортасында Дінмұхамед Қонаевтың мұражайы бар. Рухани аурасы бөлек мұражай-үй ұлттың тұлғаның кезінде қандай басшы һәм қандай адам

болғанынан сыр шертетіндей. Стандартты витраждардың орнында көрнекті мемлекет қайраткерінің өмірімен байланысты ұстаған заттары қойылған. Яғни Дінмұхамед Қонаевтың дүниеге келген сәтінен бастап өмірінің соңғы күндеріне дейінгі Қазақстан тарихының тұтас кезеңі туралы баяндайтын түпнұсқа құжаттар, материалдар, жеке заттар бар. Мұражай қызметкерлері оның тарихи мұрасын зерттеу және жүйелеу бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. Мұражай-үй екі экспозициялық залдан тұрады. Біріншісінде балалар мен студенттік жылдарды баяндайтын материалдар, сондай-ақ Дінмұхамед Ахметұлының еңбек жолын бастауына байланысты құжаттар ұсынылған. Екінші залдың экспонаттары көрнекті тұлғаның саясаткер, ғалым және ірі мемлекет қайраткерлігі жөнінде баяндайды. Мұражай қорында үш мыңға жуық экспонат бар.

Бүгінде Дінмұхамед Қонаевты еске алып, музей-үйіне келіп тұратындар аз емес. Егер жолыңыз түсіп жатса, Қазақ КСР-і басшысының үйіне Сіз де қонақ болыңыз.

Мекенжайы: Мұқан Төлебаев көшесі, 117-үй. Мұражай сағат 10.00-ден – 19.00-ге дейін жұмыс істейді.

Дәмді әрі әдемі




Visit Almaty ақпарат орталығы заманауи ұлттық қолөнерге арналған «Дәстүр мен ғұмыр» онлайн-көрмесін ашып отыр. Вир-

туалды галерея Instagram әлеуметтік желісінде орналасқан. Экспозицияның ерекшелігі сол, онда көшпелі халықтың салт-дәстүрі мен тұрмысын, соның ішінде қолданбалы өнерді бейнелейтін бірден бірнеше бағытты біріктіреді. Көрмені ұйымдастырушылар қазақ халық музыкалық аспаптарының әуезді үнімен көрермендерді ежелгі кесте, киіз басу, киім мен бас киім жасау өнерімен таныстырады. Әдемі әуенмен үйлестіре отырып ыстық бешбармақты, палау мен жаңа піскен бауырсақтарды дайындау әдісімен бөліседі. Сіз ұлттық тағамдардың «табиғи хош иісі» аңқып тұрғандай әсер аласыз. Яғни Сіз @va_artisans парақшасы арқылы қолөнер, музыка және тамақ өнімдеріне арналған үш тақырыптық бөлімде отандық шеберлердің жұмыстарымен таныса аласыз. Жоба Қазақстан Қолөнершілер одағының қолдауымен құрылды.

Мекенжайы: Инстаграм. @va_artisans парақшасы.

Виртуалды саяхат



Алматыда орын тепкен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайы Орталық Азиядағы байырғы, әрі ең ірі музейлердің бірі. Келем деушілерге есігін айқара ашатын мәдени мекен өз саяхатшыларын виртуалды кеңістікте де қабылдай алады. Енді сіздің экспозиция залдарын қашықтан да аралауға мүмкіндігіңіз бар. Яғни Сіз заманауи 3D-технологиялардың арқасында белгілі бір экспозициямен жақынырақ танысып, құлды бір мұражайдың ішінде жүргендей әсер аласыз.

Орталық мемлекеттік музей тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңірінің көне және ірі музейлерінің бірі болып табылады. Қор коллекцияларында 300 мыңға жуық экспонат сақталған. Қазіргі уақытта онда жеті негізгі тұрақты экспозициялық зал жұмыс істейді. Олардың әртүрлі сипаттағы коллекциялары палеонтологиялық өткен шақтан ғана емес, Қазақстанның ежелгі, ортағасырлық, жаңа және қазіргі заманғы тарихы мен мәдени мұрасынан да хабардар болуыңызға мүмкіндік зор.

Мекенжайы: <http://csmrk.kz/index.php/mnu-exposition/mnu-virtual-obzor>.



ҰЛТТЫҚ НАҚЫШ

Қылқаламды игеру әр адамның қолына қонбайтын ерекше қабілет десек, иллюстрация өнері де үздіксіз ізденіс пен жоғары талғамды, тың идеяларды қажет етеді. Осы ретте қазақ өнеріне иллюстрация бағытын алып келген, жастар арасында танымал болуына өзіндік үлес қосып келе жатқан жас қылқам шеберлері де жетерлік. Әлеужеліде Ерке лақап атымен танылған Жанар Ерланқызы авторлық иллюстрацияларында әр мифтік образдың мағынасын ашып көрсеткен. Ол түркі мифологиясын, көне аңыздарды негізге ала отырып, ұлттық нақыштағы картиналарды салады.



АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ

Жанар қазақ ауыз әдебиеті мен тарихи оқиғаларды өнерде тоғыстыруды бала кезінен армандағанын атап өтті.

«Менің балалық шағым Есік қаласында өтті. Әкем тарихшы, бұрындары жазып та жүретін. Біздің үйде үлкен кітапхана болды. Ең алғашқы менің кітаптарым, әрине қазақ ертегілері болды. 6-сыныптан бастап сурет салуға әуестендім. Өскенде кім болатыным сол кезден-ақ белгілі болды. Қазіргі таңда салып жүрген суреттерімнің басты тақырыбы – түркі мифологиясы. Бұл тың тақырып деп айта алмаймын. Алайда, бүгінгі күндері өзектілігін әлі күнге жоғалта қоймаған қызықты тақырып екенін айта кетуіміз қажет», – дейді Жанар Ерланқызы.

Суретшінің айтуынша, иллюстрация арқылы біз өмірімізде болған, бірақ уақыт өте келе ұмыт болған кейіпкерлерді есімізге түсіреміз. Әрі сол арқылы шабыт алып, тарих беттерін парақтаймыз.

«Иллюстрацияларым қазақы сарында, себебі ол менің жанымға жақын. Бұл – мен және менің өт-



ҚАЗАҚЫ САРЫНДАҒЫ иллюстрация

КЕРЕК ДЕРЕК

Иллюстрация дегеніміз белгілі бір шығармаға (ертегі, аңыз әңгіме, оқиғалар, өлең) арналып салынған сурет. Бұл графика түрінде де немесе живопись болып та кездеседі. Иллюстрация салу кезінде мына элементтерге көңіл бөлу керек:

1. Оқиғадағы кейіпкерлер бейнесі анық болуы керек.
2. Оқиға сюжетіне сәйкес қоршаған ортасы композициялық жағынан дұрыс құрылуы керек.
3. Түстік колоритті дұрыс таңдау керек.



кенім. Сол себептен болар, көп суреттерім аңыз-әңгіме мен мифтегі кейіпкерлерден және менің қиялымның қосындысынан шыққан дүние. Мен қазақы салт-дәстүрді ұстанатын ортада өстім, сондықтан менің болмысым өзгермейді», – дейді суретші.

Ол иллюстрация жасауға кейде бірнеше сағат, кейде бірнеше апта керек екенін айтты. Бәрі ниетке, шығармашылық шабытқа байланысты болатындығын атап өтті.

«Мысалы, «Иггдрасиль» иллюстрациясында ол өмір ағашын ағаш түбінде отырған қыз образында суреттеген. Іштей тілек айтып, ағашқа жіп байласа – тілек орындалады деген ырым бар. Иггдрасиль – өмір ағашы, ол жоғарғы – Аман, ортаңғы – Абақ және төменгі –

Тана атты үш әлемді біріктіреді. Өмір ағашы басқа әлемге жол ашатын жер», – дейді Жанар.

Тағы бір аңыз қанатты тұлпарға байланысты. Тәңір мұндай тұлпарды таңдаушыларға ғана береді. Әдетте тәңір ақ түсті тұлпар береді, бірақ Күнкеде қара түсті Арлан атты тұлпары болған. Иесінің өмір жолы аяқталуға таяған кезде тұлпар аққуға айналып, көкке ұшып кетеді-міс», – дейді ол.

Оның айтуынша, мифтік тұлпар жүріп өткен жолында із қалдырмайды, ал із қалдырса ол жердің сиқырлы қасиеті болады деген наным бар. Ондай ізді «Періште ізі» деп атайды.

«Үркер – 7 қыз, оның біреуін Жетіқарақшы алып қашқан деген аңыз бар. Жетіқарақшы жұлдызы

жұлдыз боп жаралғалы аспан әлемінде қарақшылығын тоқтатқан емес, ұрлыққа қолы да жеткен емес. Мәңгі осылай айналыспен кете береді деген де аңыз бар. Тағы бір аңызда Үркер – жалғыз қарындасын Жетіқарақшы алып қашқан алты ағайынды деп сипатталса, тағы бір аңызда Үркер – қызын Жетіқарақшы алып қашқан хан ретінде сипатталады», – дейді суретші.

Тағы бір қызықты иллюстрация – «Аққу мен Пері» деп аталады. Қазақта «ақ қаз», яғни «аққу» деген ұғымды білдіретіні туралы түсінік те бар.

Ал «Көкбөрі мен Күнке қыз» иллюстрациясы арқылы суретші түркі тайпаларын қорғаушы Көкбөрі туралы айтады.

«Көкбөрі, көкжал бөрі деген

сөздің қою-сұр түске еш қатысы жоқ. Бұл сөз Көкбөрінің көк аспанмен байланысы бар, тәңірдің өзі қолдайтындығының белгісі. Бұрын түркі тайпаларының туында міндетті түрде Көкбөрінің бейнесі болған. Көкбөрі – батырлықтың символы. Қазақ халқы ержүрек, батыр жігіттерді көкбөріге теңеген», – дейді ол.

Сондай-ақ, суретші өз туындылары арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқығын қорғау сияқты әлеуметтік тақырыптарды да қозғайды.

«Мен өзімді адам құқығы үшін күресетін феминист санаймын. Адамдардың құқығын бұзу, әсіресе әйелдердің құқығын қорғалмауы менің көңіліме жақпайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыстық кодекспен емес, әкімшілік кодекс бойынша қаралатынын естігенде таңқалдым. Мен иллюстрацияларым арқылы осы ойымды да жеткізім келеді. Сурет салу – өмірімнің бір бөлшегі, өнерсіз мен – мен емес», – дейді Жанар Ерланқызы.

Жанар суреттерді салып қана қоймай, оларды арнайы футболкалар, күнтізбелер мен стикерлерге жабыстырып, қазақилық пен заманауи стильді қалыптастырып келе жатқан дизайнер.

«Көбі заманауи, бірақ қазақы үлгідегі киімдерді жасауды өтінді. Сондықтан өзім бейнелеген иллюстрациядан постерлар, футболкалар, жапсырмалар, күнтізбелер, сөмкелер жасай бастадым. Алғашында қиындықтар болды. Бірінші рет қолға алып тұрған соң, футболкалардың өлшемдері мен түстерін таңдау маған қиынға соқты. Алдағы уақытта телефонға арналған қапшықтарды шығару жоспарда бар», – дейді суретші.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

«Жұмысбасты» ағалар



Режиссер Дархан Саркеновтың «Ағашки по вызову» комедиясының атауына қарап ойыңыз он саққа жүгіруі мүмкін. Kinopark Kinoplexx Theatres қолдауымен түсірілген жаңа картинаны 27 қаңтардан бастап еліміздегі барлық кинотеатрынан тамашалауға болады. Туынды қарапайым электриктер Алпамыс пен Айдардың өмірі туралы баяндайды. Ажырамас екі дос қылмыстық топпен байланысқан соң өмірлері күрт өзгереді. Бастары бөлеге қалған олар ақшалары аз болған соң және белгілі бір жағдайларға байланысты «Ағашки по вызову» болып кетеді. Бірақ олар алда не күтіп тұрғанын білмеді... Фильмнің түсіру процесі жазда Алматыда өткен.

Сценарийді бұрын «Менің үлкен қазақ отбасым» картинасын жасауға атсалысқан Медет Қалибеков пен Нұржан Еркінұлының шығармашылық тандемі жасаған. Басты рөлдерді актерлер Рүстем Жаныаманов, Ерлан Пірімбетов, Олжас Әлжанов және Баян Алағөзова сомдайды. Ал әнші Луина экранда негізгі рөлдердің бірін сомдап қана қоймай, сонымен қатар фильмнің басты саундтрегін орындайды.

Киноны көру үшін қала кинотеатрларының кестесін қадағалаңыз.

Танго күйі



Алматыда «Танго күйі» музыкалық спектаклінің тұсаукесері өтеді. Таңғажайып музыкалық әңгімеде би өнерінің өз ережелері, ырғағы және ерекше күйі ерекше үйлесім тапқан. Спектакль бұл оқиғаны аяқкиімнен бастап әсемым-ишаратқа дейін әдемі баяндайды. Қимыл-қозғалыс арқылы адамның толыққанды өмір сүру ниетін оятады. Жобаны «Бақытты жандар ән салады» және «Мені Джордж деп атаңыз» сенсациялық музыкалық қойылымдарын жасаушылар ұсынған. Бұл жолы Ирена Аравина мен Галина Пьянова бастаған қойылым тобы жеке адамның құбылысына емес, қызықты, темпераментті, бәріне таныс, бірақ сонымен бірге керемет жұмбақ болатын музыкалық және пластикалық дәстүрге жүгінуді шешті. Жобаның қоюшы-хореографы – «Золотая маска» сыйлығының иегері, ресейлік режиссер, пластика қоюшы, пантомима және Сахна қозғалысының оқытушысы Игорь Григурко.

Мекенжайы: М.Лермонтов атындағы ұлттық академиялық орыс драма театры (Абай даңғылы, 43). Уақыты: 13 ақпан, сағат 17.00.

Суреттер «сөйлейді»



Ә.Қастеев атындағы мұражайдағы өнер туындыларын көріп қана қоймай, оларды естуге де болады. Өйткені, мұнда өнер мен тарих экспонаттарының аудио-эскизі жасалған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл зағип жандардың өмірде маңызды ешнәрсені жіберіп алмайтынын сезінуге көмектесетін әңгіме түрі. Яғни бұл музейді аудиожазба арқылы ести отырып, тамашалауға болады деген сөз. Аудиодескрипциямен қазақ және орыс тілдерінде 50-ден астам экспонат қамтылған. Осылайша қолданбалы өнер, тарихи тұрмыс заттары, ұлттық костюмдер, белгілі суретшілердің картиналарын көріп, суретші Әбілхан Қастеевтің кескіндеме залын аралауға болады. Сонымен қатар, 30-жылдардан бастап қазіргі уақытқа дейінгі Қазақстан өнері, XVII және XX ғасыр басындағы орыс өнері, сондай-ақ XVI–XIX ғасырлардағы Батыс Еуропаның туындылары ұсынылған. Сондай-ақ, ауызша сипаттама мұражайдың құрылысы мен көшелері жайында да айта алады. Дыбыс жолдарының жалпы ұзақтығы 1 жарым сағатқа (100 минут) жуық.

Мекенжайы: Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайы. («Көктем-3» ықшамауданы, 22/1). Жұмыс уақыты 10.00-ден 17.00-ге дейін.

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



БЕЙЖІҢ–2022

Әділ жарады



Отандық спортшылар Бейжің Олимпиадасының шешуші кезеңдерінде бақ сынады.

9 ақпанда шорт-тректен шешуші жарыс өтті. Финалға алдыңғы кезеңнен 2.18.291 нәтижесімен өткен спортшымыз Әділ Ғалиахметов те қатысты. Жерлесіміз олимпиада чемпионы және жүлдегері ағайынды Шаолин мен Шаоанг Лю (Венгрия), олимпиада чемпионы Семен Элистратов (Ресей), әлем чемпионы Хван Дэхен (Оңтүстік Корея) сынды сайыс фавориттерімен бақ сынасты. Әділ кіл мықтылардан қалып қоймай, тартысты жарыста 8-інші келді. Бұл – Бейжің Олимпиадасындағы отандық спортшылардың үздік нәтижелерінің бірі.

Алтын медальді корейлік Хван Дэхен алды. Күміс жүлдені канадалық Стивен Дюбуа иеленсе, үздік үштікті ресейлік Семен Элистратов түйіндеді.

КОНЬКИ



Рекорд жаңарды

Ирен Шоутен олимпиада чемпионы атанып қана қоймай, жаңа рекорд орнатты. Голландиялық конькиші 5000 метр қашықтықты 6 минут 43,51 секундта жүгіріп өтіп, бірінші келді.

Бұл нәтиже – жаңа олимпиада рекорды. 2-орынға 4,67 секунд нәтижесімен канадалық Изабель Вейдеман жайғасты. 3-орынды Чехия споршысы Мартина Сабликова (+6,58 секунд) иеленді.

Әзірге, олимпиада кестесін 6 алтынмен Германия құрамасы (барлығы 9 медаль) бастап тұр. 2-орында 5 алтынмен Норвегия (барлығы 12 медаль), ал 3-орында 4 алтынмен Австрия (барлығы 14 медаль) жайғасқан. Үздік бестікті АҚШ пен Голландия құрмалары түйіндеді.

КӘСІПҚОЙ БОКС

Бүгінде Qazaq Style спорттық термині көпке танымал. Әлемді мойындатып келеді. Осы брентті қалыптастырып жүрген нағыз қазақ, тіпті батыр десек жаңылыспаймыз. Ол – Жәнібек Әлімханұлы. Оғланымыз жастар арасында көбірек танымал. Есімі спорт сүйер қауымға мәшһүр. Көз тимесін! Америка Құрама Штаттарынан Қазақтың атын әлемге танытып жүрген жас спортшыларымыздың бірегейі саналады.

Талпынған жетер мақсатқа

Әлемге әйгілі боксшы Мұхаммед Әли «Чемпион жаттығу залдарында пайда болмайды. Адамның ішіндегі құлшыныс, арман, мақсат чемпионды тудырады» депті. Осы сөзді жерлесіміз, бүгінді талай биікті бағындырып жүрген, қазақ боксшысы Жәнібек Әлімханұлындай оғландарға қарата айтқан сияқты. Қазіргі таңда АҚШ-та өнер көрсетіп жүр. Төрт жылдықтың басты бәсекесіне де қатынасты. Олимпиадада өзін жақсы қырынан көрсетті. Мұнымен тоқтап қалмай, кәсіпқой боксқа ауысты. Мұхит асты. Көпшілік армандайтын, көп жанның қолы жетпейтін Америкаға барды. Бүгіндері сонда өнер көрсетуде. Бастысы күллі дүниеге қазақ атын паш етіп Qazaq Style қалыптастырды.

Жасында жарқылда

Өлгінде Мұхаммед Әлидің пікірінен цитата келтірдік. Ол «Көбелек сияқты елбеле. Ара сияқты шақ» деп жас боксшыларға өсиет айтыпты. Жәнібек Алматы облысының Жыланды елдімекенінде өскен. Жасы небәрі 28-де. Ал оның жүріп келе жатқан соқпағы оған оңай болмады. Қол жарақатына қарамастан, 2016 жылы Рио Олимпиадасында соңына дейін жұдырықтасты. Бірақ төрешілер тарапынан нәтиже қалай болғаны бәрімізге аян. Оның алдында Әлем мен Азия біріншілігінде халықаралық дәрежедегі спорт шеберлігін



иленген. Жастайынан бірталай белестен өткен нағыз жауынгер.

Арман асуы

Осы тақырыпшаны текке алмадық. Өйткені, Бразилиядағы Олимпиададан кейін ол бағытын өзгертті. Кәсіпқой боксқа көшті. Артқа сан мыңдаған шақырымды тастады. Сөйтіп, АҚШ-қа жетті. Сонда жаттығып, 72 келі самақта шаршы аланда өте жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Біздің батыр Кәсіпқой бокста орта салмақтағы WBO Global тұжырымы бойынша (2012–2020 ж.ж., 2020 – б.у.) және WBC Continental Americas тұжырымы

бойынша (2019 – б.у.) чемпионы дәрежелерін иеленді. Жақында Жәнібек, қыркүйек-қазан айларында жаңартылға BoxReg рейтингі бойынша орта салмақта WBC тұжырымында 4-орында, IBC тұжырымында 9-орында, WBO тұжырымында 2-орын vRinge.com тұжырымы бойынша 7-орынға орналасты.

Жоғарыда оның жасын, қарапайым ауылда өскенін текке айтпадық. Мақсатқа ұмтылған спортшы, құрылысшы, саудагер болсын, ол – міндетті түрде өзінің көз-дегеніне жетеді. Оны біз осы келтірген мысалдар арқылы сезіндік. Ал отандасымыздың әлі талай шыңды бағындырарына сеніміміз мол демекпіз.

СЫМБАТ

Шынықсаң
шымырланасың

Спорт – сұлулық, денсаулық кепілі. Бұл – анық аксиома.

Қазір қалалық жерде болсын, далалық жерде болсын спортпен айналысатындар көбейді. Құр жүрмей өзінің дене бітімін ретке келтіретіндер қатары артқан. Бұл өте қуантарлық жағдай. Тағы бір жағынан алғанда денсаулықтың кепілі іспетті нәрсе деп ұғынуға болады.

Сымбатты дене еңбекпен қалыптасады. Грек Плинт есімді мотиватор жігіт болған. Өзі – Америкалық жігіт. Ғаламтор арқылы жастарға әрдайым жігерлі болудың құпиясын үйретіп ролик түсіретін. Жаттығу залдарынан арнайы видеолар түсірді. Бодибилдингпен айналысудың қыр-сырын үнемі айтатын. Бірақ өмірі қысқа болды. Сол сияқты жетістікке жетіп, сымбатты дене қалыптастырған Арнольд Шварцнеггер, Сильвестр Сталонне көпке үлгі. Жалпы, солар сықылды болуға көп жастар ынтық. Бұл құптарлық нәрсе. Құр босқа жүргеннен жаттығу залдарына барып, қатысып жасынан шымыр болып өскені кім-кімге де пайдалы екені анық.

Пайдасы:

- Жасушалар ашылады;
- Қан айналымы жақсарады;



- Сымбатты дене формасы қалыптасады;
- Мотивациялық ойлар келе бастайды.

Егер де осы аталған қарапайым қағидаттарды ұстансаңыз, өзіңізге пайда әкеледі. Бастысы, жүрек пен миға ауырлық түсірмесеңіз болғаны. Спорт залдағы жаттықтырушы кеңестерін мұқият орындау, ойлағаныңызға жетуге септесері анық. Осыдан барып, келесідей пайымдар шығады.

Біздің ойымызша:

- Спорт – өмір;
- Спорт – махаббат;
- Спорт – рахат сезім.

ТҮЙІН: Әсіресе, өз-өзіне қарап, сыртқы пішінін жақсартатындар жастар. Өйткені, артық салмақ, қашанда зиян. Ал сымдай тартылып, тіп-тік дені сау жүрген әркімге жақсы демекпіз.

ШАҢҒЫ

Жүлде ала алмады

10 ақпанда Қазақстан құрамасынан қысқы олимпиада ойындарында тек шаңғышылар бақ сынады.

Әйелдер арасында классикалық әдіспен 10 шақырымдық жарысқа еліміздің атынан Валерия Тюленева, Ангелина Шурыга, Надежда Степашкина және Ксения Шылыгина қатысты. Өкінішке орай, спортшыларымыздың ешқайсысы тіпті үздік 50 қатарына кіре алмады. Шурыга – 52, Шылыгина – 53, Степашкина – 57, Тюленева – 59-шы болды.

Валерия Тюленева: «Жол қиын болды. Қатты жел, жасанды қар, суық ауа райы – мұның бәрі бізге қолайсыздық тудырды. Бірақ барлығы бірдей жағдайда бақ сынасты. Қазіргі нәтижеме көңілім толмайды. Өте жаман нәтиже. Соған қарамастан, қолдауларыңыз үшін барлығына алғысымды білдіремін», – деп ойымен бөлісті.

Бетті дайындағандар Олжас ЖОЛДЫБАЙ, Досбол АТАЖАН.





БРИФИНГ

РЕВАКЦИНА – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Ревакцина қорғаныс антиденелерін өндіруді және коронавирусқа қарсы жасушалық иммунитетті күшейтеді. Бұл туралы Алматы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифингте медицина ғылымының докторы, С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Жұқпалы және тропикалық аурулар кафедрасының профессоры Күләш Құрманова айтты.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ



Спикердің сөзінше, коронавирустың «дельта» нұсқасынан алынған иммунитет «омикрон» инфекциясынан қорғайды. Сонымен қатар, ол вакцина қабылдаған және қосымша үдеткіш дозасын алған адам ғана толық иммунитетке ие болатынын түсіндірді. Профессор «омикронның» таралуы популяцияда ұжымдық иммунитеттің тезірек қалыптасуына ықпал етеді және коронавирустың басқа айналымдағы штамдарын ығыстырады деп санайды.

Сондай-ақ, К.Құрманова коронавирус симптомдары бар тұрғындардың ПТР-тестілеуден өтуі, айналасындағыларға жұқтырмауы үшін уақытында окшаулануды өте маңызды деп санайды.

«Егер адам коронавирустық инфекцияны жеңіл түрде жұқтырса, онда ол детоксикация үшін көп сұйықтық ішуі керек. Вирустық инфекция үшін антибиотиктерді қабылдау ұсынылмайды. Оларды дәрігер бактериялық инфекция қосылған кезде ғана тағайындайды», – деді профессор.

Спикер сондай-ақ, постковидті синдром туралы айтты. Оның айтуынша, дерт кезінде тыныс алу жолдары ғана емес, имундық жүйенің жасушалары мен басқа тіндер де жұқтырылып, Covid-Long деп аталатын көпжүйелі қабыну реакциясын тудырады. Сонымен қатар, жасырын инфекциялар күшіне енеді. Сондықтан дененің қорғанысын қамтамасыз ету үшін вакцина алу өте маңызды деп түйіндеді сөзін спикер.

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП



«ТӘТТІ» БИЗНЕС

Үкімет «кәсіп ашсаң, грант беремін» деп, бар жағдайды жасап отыр

Төрт баланың анасы, 5 жылдан бері торт пісіріп сататын Жаннат Әмірбекова көпшілік секілді «үкімет кәсіп ашатындарға грант береді» дегенге сенбейтін. «Олар берген грантын желкеңнен шығарып, ай сайын тексеріп, мазанды алатын шығар» деген ойдың жетегінде жүреді. Торт пісіріп, сатып жүрген төртінші жылда ол «Бизнес бастауға» қатысып көрмекші болады. Бүгінде сол жобадан екі рет грант ұтып алды.

– Жаннат, гранттан бұрын төрт бизнесіне қалай келдіңіз? Оған дейін немен айналыстыңыз?

– Өзім үш мамандықты, экономист, энергетик, экологтың оқуын оқығам. Бірақ бір кездері банк саласында жұмыс істегім келіп, жәй ғана құжат көшірмесін жасап жүруге банкке кірдім. Екі ай көшірме жасап жүріп, банктің ішкі жұмыстарын үйрендім. Содан несие бөлімінің басшысына дейін көтеріліп, банкте 7-8 жылдай қызмет еттім. Алғашында үлкен компаниялармен жұмыс істедім. Олар айналымы үлкен болғандықтан, үлкен сумма алады. Соңғы 1-2 жылда маған жеке тұлғалармен жұмыс істеуді тапсырды. Яғни несие алып, қайтара алмай жүрген адамдармен жұмыс істедім. Маған «үйім өртеніп кетті», «несиемді төлей алмай жатырмын» деп адамдар жылап келіп, бар мұңы мен мәселесін айтады. Көңілшек болғандықтан шығар, адамдардың сол мәселесін өз басыма қабылдап аламын. Жаным ашып, солар үшін жүрегім ауырып, үйге солардың проблемасын «аркалап» келетінмін. Сол кезде банктен несие алудың неге харам екенін түсіндім. Себебі, несиең уақыты асып кетсе, пеняны ешкім тоқтата алмайды. Оны тек несиелік комитетте қарастырып қана тоқтатуға болатын. Бірақ ол – ұзақ жұмыс. Сонда кәсіп ашу үшін банктен несие алып, жұмыс бастау оңай емесін көрдім. Кәсібің ары қарай жүрмей қалса, қарызға белшеңнен батасың. Үкімет қазір «кәсіп ашсаң, грант беремін» деп бар жағдайды жасап отыр. Көпшілік адам оны біле бермейді. Білсе де, оған сенбейді. Кезінде солай сенбегендердің бірі өзім болатынмын.

– Дегенмен, төрт пісірерде «менің тортымды кім алады, қалада не көп торт дүкені көп, одан қалса Инстаграм арқылы торт сататын қыз-келіншектерде есеп жоқ» деген қорқыныш болмады ма?

– Шыны керек, төрт пісіріп, сатамын деген ой үш ұйықтаса түсіме кірген емес. Бір күні қызымның туған күніне тортқа тапсырыс бергенмін. Содан сол қыздың Инстаграм парақшасына кіріп көрдім. Ол өзінің төрт пісіріп үйренген мастерлерінің парақшасына сілтеме беріп қойыпты. Сөйтсем, жақын

күндері мастер-класс болады деп тұр. Бірінші рет төрт пісірмекшімін. «Үйде отырмын ғой» деп жазылдым. Кешкілік сабақтан көзім жайнап, қанаттанып шығып, үйге «төрт пісіремін» деп келдім. Пісіріп әкелген тортым үйдегілердің бәріне ұнап, жолдасым «саған үйдің алдынан асуы салып беремін, төрт пісіре бер» деп қолдау білдірді. Үйде баламен отырған соң оларға көңіл бөліп, сабақ дейсіз бе, тәрбиесі болсын уақытында жандарында болып, жұмысты да солардың жанында жүріп істейтіндей болса деп көп дұға ететінмін. Бәлкім, сол дұғамның қабыл болғаны шығар. Қазір не көп, төрт пісіретін адам көп. Ол – шындық. Бірақ «менің тортымды кім алады» деген ой, қорқыныш мүлде болмапты. Менде телефонда оқушылардың үш чаты болатын. Әрқайсында отыздан ата-ана отыр. Бір күні соларға «тапсырысқа төрт пісіремін» деп жазып едім, 90 ата-анадан бір тортқа тапсырыс келді. Ол клиентіме «пікір жазып жіберіңізші» деп едім, жақсылап жазып берді. Содан екінші тапсырыс түсті. Содан бері міне, төрт пісіріп жүргеніме бес жылдан асып кетіпті.

– Ал «Бизнес бастау» жобасына қалай қатыстыңыз?

– Төрт пісіріп, сатып жүргеніме төртінші жыл болғанда бір таныс қыз Үкіметтің гранты туралы айтты. Алдында өзім де естіп жүргенмін. Бірақ шыны керек, «Үкіметтен берілген грант қалай болар екен» деген сенбестік болды. Берген гранттарын желкеңнен шығарып, ай сайын тексеріп, мазалайтын шығар, салығы да көп болар» деп сене қоймадым. Содан не керек, таныс қызымның сол оқуды оқығанын көріп, «Бизнес бастау» жобасына қатысатын болып шештім. Ол кез карантин кезі болатын. Бәрі онлайн, сотқада қарап отырып, оқып, видеосын көріп, тестін тапсырдым. Бизнес-жоспар жасайсың. Ол жоспар Нұр-Сұлтанға жіберіледі, сол жақта тексерістен өтеді. Көп жерде менің көпбалалы болғаным айтарлықтай өзіме жақсы болды. Содан сертификат алдым. Ол сертификат түрлі грантқа қатысуға мүмкіндік береді екен. Бірінші грантта 580 мың теңге ұтып алдым. Оған төрт пісіретін пеш пен миксер алдым. Одан кейін екінші грантқа тапсырдым. Ол жерде 2 миллионнан

5 миллионға дейін грант беріледі екен. Кураторымыз бар. Сол кісі бізді түртпектеп, «сабақ оқыдыңдар ма, грантқа тапсырыңдар» деп айтып, қадағалап отырады. Оның есебін беру де жеңіл. Счет фактура мен чекті тапсырсаң, ары қарай сені ешкім тексеріп, мазаламайды. Оның үстіне Президент был мораторий жариялады, үш жылға дейін бизнесті ешкім тексере алмайды. Екінші грантқа пицца пеш, пиццаның арнайы столын сатып алдым. Қазір халал деген сертификат алу үшін жұмыс істеп жатырмын. Бұл «Бизнес бастау» жобасы жұмыссыз адамға өзінің кәсібін ашу үшін жасалған жоба. Елімізде кәсіпкерлер көбею керек, өнімді біз өзіміз шығаруымыз қажет. Бос қарап отырмай, тірлік жасау үшін жақсы ойластырылған. Қазір гранттың сомасы да өскен. Бұрынғы 580 мың теңгенің орнына 1 миллион 200 мың теңге береді.

– Тұрақты клиенттеріңіз кімдер?

– Тұрақты клиенттерім – алматылықтар. Кейде шет елде отырған қазақтар да тапсырыс береді. Бір клиентім Канадада тұрады екен, әке-шешесінің 50 жылдығына тосын сый жасап, құттықтау үшін тортқа тапсырыс беріп, оған қоса «букет гүл ала аласыз ба» деп ақшасын салып жіберді. Венгрияға менің торт, самсаларымды алып кеткен студент бала болды. Сол жақта оқып жатқан қазақстандық студент балаларға «елдің тамағын сағынып жүрміз» деген соң мантиға дейін жасап бердім. Кейде торттан белек, құдалық дастарханның тамағын түгел пісіріп берууге тапсырыстар түседі. Торт, пирог, тәтті пирог, бауырсақ, самса, манти секілді күнделікті жақсы көріп жейтін тамақтарын пісіріп жеткізіп беремін. «Туған күнді офиске жасайтын едік» деп дастарханға тапсырыс беретіндер де бар. Карантин кезінде мұндай тапсырыстар азайғаны рас. Бірақ торттардың тапсырысы азайған жоқ. Торт демекші, бір күні бір әйел тортқа тапсырыс беріп, «кешке жұмыстан шығатын едім, үйге торт алып баруым керек қонақтарға» деп торттың үстіне қоятын шамға дейін алып қоюымды өтінді. Содан кешкілік «тортымды алып кетейін» деп хабарласқан әйел менен мекенжайды сұрады. Ар жағында таксист түсінбей, «Алматының көшелерін көрсетіп тұр» деп жатыр. Сөйтсем, әлгі клиентім Шымкенттен хабарласқан екен. Менің тортымды қойшы, «осындай дайын торт бар» деп чатқа жазып едім, лезде өтіп кетті. Тапсырыс берген әйелге біраз обал болды. Ол торт іздеуге уақыты жоқ, жұмыстан шыға салып, қонаққа бара жатқан әйел болатын. Арасында осындай қызықтар болып тұрады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Әсел ДАҒЖАН.





ПОЭЗИЯ

Оқушылар сарайының ұжымы ақпанның ақ түтек боранында өмірге келген ақиық ақын Мұқағали Мақатаевқа арнап «Мен бар деп мына жалғанда...» атты еске алу кешін өткізді.



«Мен бар деп мына жалғанда....»

Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл күні қалың көпшілік поэзияның пырағы, мұзбалақ ақын өлеңінің өміршең екендігіне тағы да тәнті болды. Оқытушылар ақынның поэмалары мен жыр-дастанын жатқа оқыса, білім алушылар да алдарына жан салмады. Оқушылар сарайындағы бірнеше үйірменің қатысушылары бір сәтте барлығы бірдей ақын өлеңдерін шабыттана оқыды. Ақын өлеңдерінен флеш-моб өте сәтті шықты. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» демекші, кеш барысында білім алушылар ақынға арнаған өлеңдерін оқып, көпшіліктің көзайымына айналды.

— Мұқағали ақынның өлеңін білмейтін қазақ жоқ десе де болады. Ақын өлеңі балаларымызға рух, бойларына күш-қайрат, ең бастысы адами қасиет дарыттары анық. Жалпы, өзі өлең оқитын, өлең жазатын баланың табиғаты таза, жаны жақсылыққа жақын болып өседі. Сондықтан осынау кеш бәріміздің жанымызға жылылық құйып кеткендей, — дейді Оқушылар сарайының басшысы Айгүл Болатбекқызы.

«Туристік-өлкетану» бөлімінің «Әдеби-өлкетану» үйірмесіне қатысушылар Асылбек Аяулым, Омархан Мирасхан, Бақыт Айсәуле өздерінің тау мен ақын арасындағы жақындықты, Мұқағали жырларындағы тау бейнелері хақында жазылған өлеңдері туралы зерттеп жүрген еңбектерін ұсынды. Бұл ретте үйірме педагогы Мөлдір Қайратқызы ғылыми еңбекке оқушылар тарапынан қызығушылықтың болғанын айтады.

РЕСМИ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Алматы қаласы
бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің
аудиторлық қызметінің қорытындылары

Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) 2021 жылы 68 мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шаралар жүргізді, есептік деректерге 91 аудиторлық іс-шаралар материалдары енгізілді, аудитпен қамтылған қаражат көлемі 177 676,6 млн. теңгені құрады.

Олардың айналасында бекітілген мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі бойынша 22 аудит объектісі, 2021 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі бойынша 14 объекті және 2020 жылдың объектілерінің тізбесі бойынша 8 объекті енгізілді.

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың сомасы 281 901,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар 5939,6 млн. теңге, рәсімдік бұзушылықтар 275 962,1 млн. теңге, рәсімдік бұзушылықтардың жалпы сомасынан мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу кезінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларын бұзу 44 434,3 млн. теңгені құрады.

Есепті кезеңде Департамент қаржылық бақылаудың қабылданған ден қою шараларының нәтижелері бойынша бюджетке өтелді және бухгалтерлік есеп бойынша, жұмыстарды, қызметтерді орындаумен және тауарларды жеткізумен, сондай-ақ есеп бойынша 5030,8 млн. теңгені немесе 84,7%-ды көрсетумен қалпына келтірілді.

Өтелген және қалпына келтірілген бұзушылықтардың жалпы сомасынан бюджетке 114,6 млн. теңге немесе өтеуге жататын анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасынан 11,3 %, қалпына келтіруге жататын соманың 843,5 млн. теңгесі немесе 99,6% қалпына келтірілді және 4072,7 млн. теңге немесе 99,8% есепке алу бойынша көрсетілді.

Анықталған бұзушылықтарды жою және тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы 77 нұсқама шығарылды, оның ішінде 50 нұсқама бойынша есепті күнге орындау мерзімдері жақындап, 50 немесе 100,0% толық көлемде орындалды.

Аудиторлық іс-шаралардың қорытын-

дысы бойынша 67 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Прокуратура, қылмыстық қудалау органдарының тапсырмалары бойынша, сондай-ақ соттың тиісті ұйғарымы бойынша мамандардың 23 қорытындысы берілді.

Осы қорытындылардың нәтижелері бойынша мамандар жалпы сомасы 3562,4 млн. теңгеге бұзушылықтарды растады.

Департамент 2021 жыл ішінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген құзыреті шегінде 59,6 млн. теңге сомасына барлығы 495 әкімшілік іс қозғады, олар 58,4 млн. теңге бюджетке өтелді, өтелмеген 1,2 млн. теңге төлеу мерзімі жетпеген.

Құқық қорғау органдарына 4724,4 млн. теңге сомасына 5 аудит материалы берілді, олар бойынша қылмыстық істер қозғалды, тергеу іс-шаралары жүргізілуде.

Камералдық бақылау

Мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылаумен есепті күнге тексерілген 64 418 рәсімнің 893 рәсімінде жалпы сомасы 207 820,6 млн. теңгеге бұзушылықтар анықталды. Анықталған бұзушылықтар бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар жіберілді. Бұзушылықтарды жоюға бағытталған хабарламалар Мемлекеттік сатып алу қорытындыларын жою немесе қайта қарау немесе оларды талқылау шеңберінде конкурстық құжаттама жобаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы толық көлемде орындалды.

Өткен кезеңде мерзімінде орындалмаған хабарламалар бойынша ішкі мемлекеттік аудит комитетіне мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы хат жолданды.

Мерзімінде орындалмаған хабарламалар бойынша Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 462-бабына және ӘҚБтК-нің 207-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырылып, жалпы сомасы 0,9 млн.теңге сотқа қарау үшін берілді.

ҚОНАЕВ – 110

Ұлттың ары мен рухы

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі –
Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 110 жылдық
мерейтойына арналған халықаралық жиын өтті



Алқалы жиында тұлғаны еске ала отырып, өмір жолына шолу жасаған Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры Өмірәлі Жалаири сөз сөйледі. Ол жақын арада «Ақиқаттан аттауға болмайды», «От Сталина до Горбачева» деген кітаптардың тұсаукесері болатынын жеткізді.

Жиынға отандық ғалымдардан бөлек, түрлі бірлестіктердің өкілдері мен шетелдік қонақтар қатысты. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірі мен қызметі, сондай-ақ республиканың дамуына қосқан үлесі сөз болған басқосуда ел ағасының замандастары да елеулі естеліктер айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ
әлемдік деңгейде

Өткен жылдың соңында Бүкілдүниежүзілік Салыстырмалы Білім Беру Қоғамдары Кеңесінің (WCCES) журналында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, Педагогикалық Ғылым Академиясының президенті Асқарбек Құсайыновтың «Оқушылардың білім сапасын арттырудағы ішкі резервтің рөлі» атты мақаласы жарияланды.

WCCES 1970 ж. Оттавада (Канада) әлемнің жетекші компаративист ғалымдары құрған болатын. Қазіргі уақытта WCCES құрамына әлемнің 50-ден аса жетекші елдерінің салыстырмалы білім беру қоғамдары кіреді. Ол ЮНЕСКО-мен тығыз байланыста жұмыс істейді.

WCCES журналы салыстырмалы және халықаралық білім беру саласындағы әлемдегі жетекші журналдардың бірі болып табылады. Әрбір мақаланың толық аннотациясы ағылшын, француз, испан, орыс, қытай және араб тілдерінде жазылады.

А.Құсайыновтың мақаласының аннотациясында: «Мақалада орта білім беру жүйесінің құрамдас бөліктері және олардың білім сапасымен байланысы Педагогикалық Ғылым Академиясы мен шетелдік ғалымдардың зерттеулері негізінде саралап көрсетілген. Зерттеу қорытындысы Түркістан облысындағы мектептерде екі жыл бойы жүргізілген эксперименттер деректеріне негізделген. Автор эксперимент тұжырымдамасын және оны жүзеге асырудың кешенді бағдарламасын әзірлеген, сонымен қатар эксперимент нәтижелерін ұсынған. Автор оқушылардың білім сапасын арттырудағы білім беру ұйымдарының ішкі резервінің рөлін атап көрсетеді және оны McKinsey&Company компаниясының «Мектептегі оқытудың тұрақты жоғары сапасына қалай жетуіге болады?» және «Ең жақсы мектеп жүйелері қалай жетілдіріліп жатыр?» тақырыптарында жүргізген зерттеулеріне сүйене отырып дәлелдеген. PISA және TIMSS зерттеулерінің 2003 жылдан бергі нәтижелері, сондай-ақ олардың сәттілігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін факторлар талданған», — деп жазылған.

Академик А.Құсайынов Түркістан облысының Төле би, Ордабасы, Отырар және Сайрам аудандарында жүргізген экспериментке 40-тан астам мектептен 3,0 мыңнан астам оқушы мен 400-ге жуық мұғалім қатысқан.

Төменде білім сапасы мен оның құрау-

шыларының өзара байланысын көрсететін формула мен тұжырымдама берілген. Журнал редакциясы бұл формуланы профессор А.Құсайыновтың формуласы деп белгілеген.

«Студенттердің білім сапасы мен оның құрамдас бөліктері арасындағы байланысты мына формула негізінде көрсетуге болады (профессор А.Құсайыновтың формуласы):

$S_{біл} = S_{ст} + S_{о} + S_{ккб} + S_{мс} + S_{ст} + S_{гзж} + S_{бас} + S_{мтб}$

$S_{біл}$ — оқушылардың білім сапасы;
 $S_{ст}$ — білім стандарттары мен оқу бағдарламаларының сапасы;

$S_{о}$ — оқу әдебиетінің сапасы;
 $S_{ккб}$ — педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі сапасы;

$S_{мс}$ — білім мониторинг сапасы;
 $S_{ст}$ — рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы;

$S_{гзж}$ — ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасы;

$S_{бас}$ — басқару жүйесінің сапасы;
 $S_{мтб}$ — материалды-техникалық база сапасы.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, барлық елдерде осы бағыттар бойынша көптеген жұмыстар жүргізіледі, алайда бұл жұмыс жүйелі және ғылыми негізде жүргізілген елдерде ғана оқушылардың білім сапасы көтеріледі. Яғни бір сынып оқушыларының білім сапасын көтеру үшін осы құраушылардың барлығының сапасын арттыру жұмыстары осы сынып оқушыларымен байланысты жүргізілуі керек», — деп жазады А.Құсайынов.

Осы уақытқа дейін білім сапасын көтеру проблемасы бір формуламен қысқа, ықшам және өте түсінікті жазылмаған енді.

Әлемнің 50-ден аса еліне тарайтын журналда А.Құсайыновтың 21 беттік көлемді мақаласының жариялануы, оның идеясының әлемдік деңгейде мойындалғанын көрсетеді.

Қазақ ғалымының осы жетістігін біз Қазақстан педагогика ғылымының әлемдік деңгейге көтерілгенінің бір көрінісі деп бағалауымыз керек.

Осы эксперимент жұмыстары тиянақты зерттеліп, еліміздің барлық өңірлерінде жүргізілсе дұрыс болар еді деп ойлаймыз.

Ақмарал Сабитоллақызы МАҒАУОВА,
Педагогика ғылымының докторы,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ профессоры.



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 10 айға – 6005 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 10 айға – 16205 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 10 айға – 4405 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 11 АҚПАНДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:
I компонент: 730 538
II компонент: 429 343

Жасөспірімдер	Жүкті әйелдер	Бала емізетін аналар
I компонент: 604 086	I компонент: 28 441	I компонент: 93 388
II компонент: 352 690	II компонент: 18 717	II компонент: 57 883

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Сабина ЖАБЫКАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail:
zhbknn@mail.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
**Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ**

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефонда-
ры арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almaty-aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
**Апталық
таралымы – 15 663**

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВР00026040
күзегі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

БАЙҚАУ

Жұмат Тұрғынбайұлы Шанин бюстінің ең үздік жобасына ашық конкурс өткізудің БАҒДАРЛАМАСЫ мен ШАРТТАРЫ

1. Конкурстың мақсаты

Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі Мемлекеттік комиссияға ұсыныс енгізу мақсатында көркем сәулеттік-мүсіндік композиция жасау арқылы Жұмат Тұрғынбайұлы Шанин ескерткішінің үздік тұжырымдамалық мүсіндік-көркемдік шешімін анықтау.

2. Конкурстың бағдарламасы

Қазақ ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушы, көрнекті тұлғаның бейнесін көрсету қажет. Бюст Жұмат Шаниннің тұлғасын еліміздің рухани мұрасына баға жетпес үлес қосқан ерекше тұлға ретінде бейнелеуге тиіс.

Ескерткіш қалалық сәулет ансамбліне үйлесімді орнатылуы керек.

Жобада ұзақ мерзімге төзімді материалдар (мәрмәр, гранит, қола және т.б.) қарастырылуы керек.

Орнатылатын орны – Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Байсейітова көшесінің бойында, Жамбыл көшесінің солтүстігінде.

3. Конкурстың шарттары

Байқауға барлық ниет білдірушілер, сондай-ақ авторлық ұжымдар қатыса алады. Байқауды өткізу мерзімі 2022 жылғы 12 ақпаннан 12 наурызға дейін. 2022 жылдың 12 наурызынан кешіктірмей жіберілген жұмыстар 050000, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 56, Алматы қаласы Мәдениет басқармасы, №3038 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Басқа қалалардың авторлары пошта түбіртегінің нөмірін алдын ала хабарлай отырып, жобаларды белгіленген мерзімнен кешіктірмей Алматы қаласы Мәдениет басқармасының мекенжайына жібереді. Байқауға жобалар алты таңбалы санмен көрсетілген ұрандармен ұсынылады. Ұран конкурсқа ұсынылған жобаның барлық материалдарының жоғарғы оң жақ бұрышында, сондай-ақ ұрандық конвертте (биіктігі 1 см) жазылады. Ұранмен жабылған конвертте жоба авторының тегі, аты және мекенжайы көрсетілген ақпараттық парақ болуы керек.

2 беттен аспайтын қысқаша түсіндірме жазба 2 данада ұсынылады. Times New Roman қарпі, өлшемі №14, бір жоларалық интервалмен. Жазбада ескерткіштің негізгі идеясы, көркемдік шешімі және кеңістікті ұйымдастыру принциптері көрсетілуі керек.

Байқау қорытындысы бойынша шешімді Алматы қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиясы қабылдайды.

Байқау шарттарын бұза отырып ұсынылған жобалар конкурсқа жіберілмейді және Комиссияда қаралмайды.

4. Байқаудың жобалық ұсыныстары мен ұсынылатын материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптардың құрамы:

1. Масштабы 1:10 жоба эскизі (мүсін композициясы);
 2. Масштабы 1:200 бас жобасы (сызба жобасы);
 3. Ескерткіштің (мүсіндік композицияның) 2 қасбеті және 1:20 масштабты 1 перспектива;
 4. Түсіндірме жазба.
- Жобалар өлшемі 60х80 см планшетпен ұсынылады. Графикалық орындау әдісі – макеттің түсі, техникасы және материалы – автордың қалауы бойынша.
- Қосымша ақпарат пен анықтаманы 8 (727) 391-35-61 телефоны бойынша алуға болады.



КӨРМЕ

Алматыдағы Мемлекеттік орталық музейде еліміздің «Көркем еңбек» пәні мұғалімдерінің қатысуымен республикалық «Бабалар үні» көрмесі ашылды.



«Бабалар үні»

Айжан БҮРКІТБАЕВА

Дәстүрлі жоба жыл сайын үздік ұстаздарды рухани алаңға жинап, өзара тәжірибе алмасуға жол ашып келеді. Тарих тағылымының қыр-сырына терең бойлата отырып, өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беруді негіз еткен көрме жетекшілері біркатар ұлы тұлғалардың өмірі мен өнер жолына арналған жинақтардың да тұсауын кесті.

Көрермендерге ұлттық өнерімізді дәріптеп, бабалар аманатын енді әлемдік деңгейге шығару жоспарда бар.

«Әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығына, екінші кітабымыз Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына, үшінші кітабымыз ұстаз, фольклоршы Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай шықты. Енді төртінші кітапты А.Байтұрсынұвтың 150 жылдығының мәдени іс-шаралар аясында көркем еңбек пәнінің шығармашылықпен айналысатын 80-нен астам ұстазын енгізе отырып, 3 тілге аударып шығарсақ және Түркия мемлекетінде тұсаукесерін ашсақ деп жоспарлап отырмыз», – деді «Бабалар аманаты» жобасының жетекшісі Қанағат Көдеков.

ЖӨНДЕУ

ЦИРК ЖӨНДЕЛМЕК

Айжан ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

Алматы циркін қалпына келтіру жұмыстары басталады. Бұл туралы Алматы қаласының Мәдениет басқармасы мәлім етті.



«Қалына келтіру жұмысы барысында ғимараттың бастапқы келбеті, дизайны мен сыртқы құрылымы өзгеріссіз қалады. Сондай-ақ, оның барысында цирктің бүкіл өнер ұжымы республикада, сондай-ақ жақын және алыс шет елдерде гастрольдік сапарда болады. Жөндеу жұмысы кезінде Қазақстанның еңбек заңнамасына сәйкес, әртістердің жұмыс орны сақталады», – делінген Мәдениет басқармасының хабарламасында.

Алматы циркі Дінмұхамед Қонаевтың бастамасымен 1979 жылы салынды. Сәулетшісі – Владимир Казцев Цирк алғаш рет 2003–2006 жылдары күрделі жөндеуден өтті. Цирк ғимараты қала құрылысы және сәулет ескерткіші ретінде жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енген.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Ең алғашқы фото тарихы

Instagram желісіне 1 күнде 95 миллионнан астам фото салынады екен. Шынында, бүгінгі күні фото түсіру тіпті 1 секунд уақытыңды алмайды. Ал ең алғашқы фотоньң қалай және қанша уақытта жасалғанын білесіз бе?

1826 жылы әлемдегі ең алғашқы фото түсірілді. Оның авторы француз зерттеушісі Жозеф Нисефор Ньепс болды. Ол обскур камерасын өз шеберханасының терезесіне орнатқан. Камера күн сәулесі арқылы арнайы химиялық ұнтақ жағылған қаңылтыр тақтайшаға қарама қарсы тұрған суретті бейнелейтін болған. Бүгінгі камераларға аты ғана ұқсайтын Ньепс құралы алғашқы суретті 8 сағат түсірген.



«Терезеден көрініс» әлемдегі ең бірінші фото



«Бульвар дю Темпл, Париж» Дагер фотосы

Ресейдегі ең алғашқы фотосы 1939 жылы, ал қазақ жеріндегі бірінші фото 1941 жылы 6 желтоқсан күні түсірілді. Бұл сурет Жәңгір ханның жеке мектебінің ашылуына байланысты Ресей патшасы сыйлаған камера арқылы жасалған.

Досбол АТАЖАН.

ЖОЛСАПАР

Тарихи жәдігерлерге тамсандық

Жақында Санкт-Петербургке жол тарттым. Жанымда Алмас есімді аға бар. Екеуміз фольклорлық мұраларды зерделеу мақсатымен мемлекеттік жобамен барған болатынбыз.



Шет елге тұңғыш рет шығуым. Іштей қуанып тұрмын. 25 жасым дейін ауыл мен Алматыдан ары аспаған мен үшін ерекше ғанибет сәт болды. Сөйтіп, Питерге жеттік. Метромен Невский даңғылына бардық. Адасып, діндеген қонақүйді таппай жүріп қалдық. Мұнымыз өзімізге жақсы болғандай. Небір зәулім ғимараттар, храм, соборлар сарнап тұр. Үстінде періштеге ұқсаған қанатты адамша жасалған мүсіндер қойылған. Адамдары кішіпейіл екен. Бір кісіден жөн сұрадық. Жасы 50-ден асқан, интеллигент көрінді. Жанымызда жүріп, іздеген мекенге кіргізіп салды.

Сондай разы болдық. Біз «Ағылшындық жағалау» аталатын үлкен Нева өзенінің жағасында тұрдық. Кемеге отырдық. Эрмитаж, Пушкин үйі, Ресей Ұлттық кітапханасын, т.б. араладық. Тарихи жәдігерлерге тамсандық. Құтты ертегі әлеміне тап болғандай сезіндік. Сондай керемет. Қолдау білдіруші, ғалым Кенжехан Ісмажанұлы ағамызға разы болып, этно-фольклорлық кітаптар әкелдік. Ғажайып апта осылайша өте шықты. Бәрі жақсы, дегенмен, бір түсінгенім, сүйікті Алматыма ештеме жетпейді екен.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

Балықтар қырылып жатыр

Бразилияның оңтүстігінде құрғақшылық салдарынан балықтар жаппай қырылып жатқан көрінеді.

Жергілікті балықшылар бір тәулікте 15–20 тоннаға жуық балық өліп жатқанын айтқан. Аптап ыстықтан құрғай бастаған өзен-көлдердегі су деңгейі едәуір төмендеп, балықтардың үйреншікті тіршілік ету тепе-теңдігі бұзылған. Балық жанашырлары жерге тез арада жабыр тамбаса, аймақта экологиялық апат болады деп дабыл қағып отыр. «Құрғақшылық балық кәсібін құрдымға жіберді. Тұтас экожүйе бұзылды. Асшаяндар да қырылып жатыр. Шығынға белшеден баттық», – дейді жергілікті мамандар.

Балықтар да адамдар, жануарлар мен құстар секілді ауырсынуды сезінеді. Олар динозаврлардан бұрын, шамамен 450 млн. жыл шамасында пайда болған деседі.

Қаңқасы сүйектен тұратын ең үлкен балық – ай балығы. Бұл жотасының биіктігі ұзындығынан асатын жалғыз балық. Оның жоғарғы жүзбекабатының ұшынан төменгі өлшемге дейінгі ұзындығы 4,26 метр, ал салмағы 2 тонна 235 келіге дейін барады. Ай балығының аналығы бір мезетте 300 млн. уылдырықша шаша алады. Ал әлемдегі ең жылдам балық – семсер-балық. Ол сағатына 130 шақырымға дейін жүзе алады және сағатына 140 шақырымға дейін қозғалған деген де мәліметтер бар.



Тасбақалар пластиктен улануда

Ал керек болса, судағы пластиктер тасбақаларға қауіп төндіруде.

Нақтырақ айтсақ, БАӘ-дегі Шарджа жағасында тасбақалар жойылып барады деп алаңдаулы жергілікті мамандар. Олар таяуда Парсы шығанағының Шарджа аймағынан 20 тасбақаның жансыз денесін тапқан. Ғалымдар 200-ге жуық қосмекендіні тексергенде, олардың пластик және басқа да зиянды қалдықтарды жеп, уланғанын анықтаған. Кейбірі желбезегіне зақым келіп өлген. «Бұл аймақтағы тасбақалар бұрын қайықтардың соққысынан немесе құрулы тұрған ауларға түсіп, тұншығып мерт болатын. Кейінгі кездері пластик жұтып, уланып өлетін жағдайлар жиіледі. Бұлай жалғаса берсе, бұл қосмекенділер біржола жойылып кетуі мүмкін. Тасбақалар – экологиялық жүйе үшін өте құнды тіршілік иелері», – дейді мамандар.

Тасбақалар орта есеппен алғанда 200 жылдан астам өмір сүреді. Олардың ұзақ жасауының құпиясы ішкі ағзаларына байланысты. Тасбақалардың ішкі ағзалары қартайған шағында да жастық шақ кезіндегідей жұмыс істейді екен.

Олар жер бетінде ең ұзақ өмір сүретін тіршілік иесі болғанмен, жауы көп. Мәселен, теңіз тасбақалары жұмыртқасын жарып, теңіз бойына енді бет ала берген сәтте, шағалалар немесе басқа да құстар қорғансыз кішкентай тасбақаларды шұқып жей бастайды. Кейбір жыртқыш құстар оларды тырнақ астына алып биікке ұшып, қатты шын-құздарға тастайды. Онымен қоймай, көптеген тасбақалар аштықтан өледі. Себебі, азығын табу қиынға соғады екен.

Тасбақаның өзге тіршілік иелерінен ерекшелігі – ұзақ уақыт қоректенбей, су ішпей жүре алатындығында. Арқасындағы мықты сауыты тасбақаны температура-лық толқулардан сақтайды. Қыстың қатты аязы мен боранында не жаздың аптапты ыстығында олар тіршілік етуді тоқтатады. Яғни мұндай сәттерде тасбақалар терен ұйқыға кетеді.

Пілдер азығын жуып жейді

Құлағы қалқиған, тұмсығы салпиған, өзі дәу болып алып, титімдей тышқаннан қорқатын пілдің ең ақылды жануарлардың бірі екенін білеміз бе?

Алғашқы пілдер осыдан 23 млн. жыл бұрын Африка жерінде пайда болған екен. Алып піл қорегіне қол жеткізу үшін сан алуан құрал қолданатын көрінеді. Піл миының әр шаршы сантиметрінде жүздеген жасуша болады. Басының көлемі үлкен болғандықтан, есте сақтау қабілеті де мықты.

Піл – табиғатынан әрізсізге өте қызыққыш және тазалықты сүйетін жануар. Қоректену алдында азығын міндетті түрде жуып жейді. Алып жануар тұмсығының көмегімен құнарлы және жұмсақ өсімдіктерді қиналмастан жұлып жейді. Айтпақшы, пілдердің ауыз қуысы мен бас сүйегі өзге жануарлардікі секілді болмағандықтан, олар еңкейіп жерде өсіп тұрған шөпті аузымен жұлып жей алмайды екен. Пілге тұмсық сол үшін керек екендігін анықтаған ғалымдар. Олар бір күнде жүздеген келі жапырақ пен шөп жейді.



Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.